

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі түзеу мекемелеріне ұсталатын адамдарды қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулығы бекітілуі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 154 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 29 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1723. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 29 наурыздағы № 182 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.03.29 № 182 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың тақырыбы мен 1-тармағындағы "қадағалау мен күзетуді" деген сөздер "қадағалауды" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 128 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі түзеу мекемелерінің қызметін бұдан әрі жетілдіру қылмыстық-атқару заңнамасын жүзеге асыру мақсатында
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Түзеу мекемелерінде ұсталатын адамдарды қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі қоса беріліп отырған Нұсқаулық бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Ішкіісмині қылмыстық-атқару жүйесі Комитетіне, осы Ережелердің іс жүзінде қатаң қолдануы қамтамасыз етілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі ҚАЖ Комитетінің төрағасына жүктелсін.
4. Бұйрық 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске енеді.

Министр

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының
Бас прокурорының орынбасары

2001 жылғы 19 желтоқсан

" Б Е К І Т І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі

2001 жылғы 11 желтоқсан

**Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі
түзеу мекемелерінде ұсталатын адамдарды**

қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

Ескерту: Нұсқаулықтың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 128 бұйрығымен.

Ескерту: Барлық мәтін бойынша «ҚАЖКБ» деген сөздер «ҚАЖК ҚАЖД» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қадағалау сотталғандардың жаза өтеуінің белгіленген режимін қамтамасыз ету құралдарының бірі болып табылады және алдын алу, режимдік, тәрбие іс-шараларының кешенін құрайды.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 128 бұйрығымен.

2. Қадағалау қызметін ұйымдастыру және оған басшылық жасау колония бастығының режим жөніндегі орынбасарына жүктеледі.

Түзеу мекемелерінің қызметкерлеріне қадағалау бойынша міндеттерін орындау кезінде сотталғандармен және олардың туыстарымен олардың функционалдық міндеттерінде көзделмеген байланыс жасауға тиым салынады.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005.05.12. N 128, 2007.12.05. N 327 Бұйрықтарымен.

3. Түзеу колонияларындағы қадағалау-бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны атқару процесін сотталғандардың олар орналастырылған және жұмыс істейтін жерлердегі жүріс-тұрысын ұдайы бақылау арқылы қамтамасыз етуге, олардың құқыққа қарсы іс-қимылдарының алдын алу мен жолын кесуге, сотталғандардың, қызметкерлер мен бақылаушылар жасағының оқшаулануын, сондай-ақ қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жүйесі.

4. Түзеу колонияларындағы (бұдан әрі - ТК) қадағалау:

1) сотталғандарды жаңа қылмыстар мен басқа да қоғамға жат қылықтар жасауын болдырмау және жолын кесу мақсатында олардың жүріс-тұрысын ұдайы бақылады;

2) сотталғандардың Түзеу мекемелеріндегі ішкі тәртіп ережелерімен (бұдан әрі - Ішкі тәртіп ережелері) көзделген күн тәртібін, өз міндеттерін орындауын қамтамасыз етуді;

3) тұрғын үйлер және өндірістік аймақтар, оқшауланған учаскелер, цехтар

мен басқа да объектілер арасында белгіленген өткізу режимін жүзеге асыруды, сотталғандардың қозғалыс тәртібін, көзделген нысан бойынша киім киюді
с а қ т а у ы н б а қ ы л а у д ы ;

4) сотталғандардың олар орналастырылған және жұмыс істейтін жерлерде
б о л у ы н т е к с е р у д і ;

5) жер асты коммуникацияларының және құрылыстарының инженерлік бөгеттері мен қоршау құралдарының, байқау коридорларының ақаусыз болуын, сондай-ақ ішкі тыйым аймағы мен оған жалғасып жатқан 15 және 50 метрлік жолақтардың жағдайын бақылауды; осы аумақ шегінде жұмыстар атқару тек қана түзеу колониясының және режим бөлімінің басшылығымен және әскери бөлімше командирімен келісім бойынша жүзеге асырылады;

6) сотталғандардың өндірістік жабдықтарды, жұмыс құралдарын, электр қуатын, шикізаттар мен материалдарды теріс пайдалануының жолын кесуді, сондай-ақ олардың өз еркімен әртүрлі құрылыстар, шкафтар, қоймалар және т.б.
ж а с а у ы н б о л д ы р м а у д ы ;

7) сотталғандарға, үй-жайларға тінту, сондай-ақ тұрғын үй аймақтары мен өндірістік объектілерді қарау жүргізуді, сотталғандарға оларды сақтауға тыйым салынған құралдарды, бұйымдар мен заттарды алып қоюды;

8) айдауылсыз немесе еріп жүрусіз қозғалуға құқығы бар сотталғандардың, сондай-ақ заңдарға сәйкес оларға колониядан тыс жерлерде тұруға рұқсат берілген сотталғандардың жүріс-тұрысын бақылауды;

9) туысқандарымен және өзге де адамдармен кездесу өткізудің тәртібін қамтамасыз етуді, телефон арқылы сөйлесуді бақылауды;

10) сотталғандарға келген посылкаларды, сәлемдемелер мен бандерольдерді қарауды, тексеруді және беруді;

11) объект аумағы арқылы жүріп өтетін көлік құралдарына еріп жүруді, жүк тиеу-түсіру жұмыстарын бақылауды;

12) ТК-ның объектілерінде жұмыс істейтін адамдардың сотталғандармен қарым-қатынастың белгіленген тәртібін сақтауына бақылау жасауды, қажет болған жағдайларда ТК-ның объектілеріне кіру және олардан шығу кезінде бұл адамдардың заттары мен киімдерін қарауды;

13) сотталғандардың камералық үлгідегі үй-жайларда (бұдан әрі - КҮҮЖ), айыптылық оқшаулау орындарында (бұдан әрі - АОО), тәртіптік оқшаулау орындарында (бұдан әрі - ТОО), қатаң жағдайларда ұстау (бұдан әрі - ҚЖҰ) және жалғыз адамдық камераларда жаза өтеуінің белгіленген тәртібін
қ а м т а м а с ы з е т у д і ;

14) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;

15) сотталғандардың қашып кетуінің, бағынбауының, қасақана өз-өзіне қандай да бір жарақат салуының, тәртіпсіздік қылықтарының, өзге де

кылмыстарының және режимді бұзуының алдын алу мен жолын кесуді;

16) жаңадан келген сотталғандарды карантиндік үй-жайларда ұстаудың тәртібі мен шарттарын қамтамасыз етуді;

17) қажет болған жағдайларда дене күшін, арнайы құралдарды қолдануды;

18) сотталғандардың сыртқы пішінін қарауды;

19) ай сайын күзеттің инженерлік-техникалық құралдарын (бұдан әрі - КИТҚ), бейне бақылау жүйесін тексеруді және анықталған кемшіліктерді жоюды;

20) ТМ аумағында ерікті жалданушы және аттестатталған әйел жынысты қызметкерлердің еріп жүруін қамтамасыз етуді құрайды.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005.05.12. N 128, 2007.12.05. N 327, 2010.02.25 N 66 Бұйрықтарымен.

5. Бас бостандығынан айыру орындары мен колония-қоныстардың емдеу түзеу мекемелерінде сотталғандарды қадағалау осы Нұсқаулықпен көзделген тәртіпте жүзеге асырылады. Қадағалаудың ерекшеліктері қадағалау жоспары мен күзет орнының табелінде көрсетіледі (2-қосымша).

6. Денсаулық сақтау органдарының емдеу түзеу мекемелерінде емделуде болатын сотталғандарды күзету мен қадағалауды қамтамасыз ету үшін медициналық мекеме әкімшілігінің келісімі бойынша арнайы палата бөлінеді және ол күзеттің бөлшектелетін құралдарымен жабдықталады, күзет жоспары әзірленеді, онда қызмет атқару мен ұйымдастырудың тәртібі, міндеттері, құрамы, төтенше жағдайлар кезінде өзара іс-қимыл жасау мен іс-қимыл көрсетудің тәртібі ескеріледі.

Сотталған адамды денсаулық сақтау органдарының емдеу мекемесіне жіберу үшін түзеу мекемесінің бастығы немесе оны ауыстыратын адам аумақтық ҚАЖК ҚАЖД басшылығын міндетті түрде хабардар ету арқылы шешім қабылдайды. Денсаулық сақтау органдарының медициналық мекемелерінде күзет және қадағалау бойынша қызмет өткеру үшін бір сотталғанға кемінде 2 қызметкер тағайындалады, олар азаматтық киім киюі керек, жасырын түрде алып жүретін радиостанциясы, қаруы мен арнайы құралдары болуы тиіс.

Егер де ауруханаға сотталған-әйел адам орналастырылса, оны күзету жөніндегі күзет орнына бақылаушы-әйел адам тағайындалады.

Қоныс-колониясында жазасын өтеп жатқан және денсаулық сақтау органдарының емдеу-алдын-алу мекемелерінде емдеуде жүрген сотталғандарды қадағалауды қамтамасыз ету осы мекеме әкімшілігімен келісу бойынша кемінде күніне бір рет сотталғандар емдеуден өтіп жатқан палатаны аралау арқылы өткізіледі. Сотталғандар аурухана режимін бұзған жағдайда, бұл адамдар қызметкердің бірге еріп жүруімен қоныс-колониясына жіберіледі. Сотталғандар

амбулаториялық емдеуден қоныс-колониясы жанынан өтеді.

Ескерту: 6-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004.08.24. N 240, 2007.12.05. N 327 Бұйрықтарымен.

7. Сотталғандарды теміржол, автомобиль, теңіз, өзен және әуе көліктерімен тасымалдағанда, сондай-ақ айдап алып жүру кезінде оларды қадағалау Қазақстан Республикасының Ішкі іс министрінің ішкі әскерлерінің Жауынгерлік қызмет жарғысына (бұдан әрі - Жауынгерлік қызмет жарғысы) сәйкес әскери бөлімдер қарауылдарының жеке құрамына жүктеледі.

8. Қадағалау персоналдарының нормативтік саны посттардағы табелге сәйкес бекітіледі.

Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 128 бұйрығымен.

9. Қадағалау жөніндегі бақылаушылардың күзет орындарының, әкімшіліктің оны жүзеге асыру үшін бөлген басқа да күштерінің, көлік пен техникалық құралдардың саны ТК-ның ерекшеліктеріне, өндіріс сипаты мен қалыптасып отырған жедел жағдайға қарай қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің (бұдан әрі - ҚАЖД) және мекеменің бастығы бекітетін сотталғандарды қадағалау жоспары бойынша анықталады.

Ескерту: 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

10. Қызметкерлер мен бақылаушылар санының, ТК-дағы жағдайдың өзгеруі ескеріле отырып, қадағалау жоспарына жыл сайын не қажет болуына қарай ҚАЖК ҚАЖД-нің, ТК-ның бастығы бекітетін түзетулер енгізіледі. Әрбір ТК-ға арналған қадағалау жоспарлары үш данада әзірленеді: біріншісі - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ҚАЖ Комитетіне; екіншісі - ҚАЖК ҚАЖД-не үшіншісі - ТК-ға. Қадағалау жоспарынан көшірме (функционалдық міндеттер және басқа да құжаттама) колония бастығының кезекші көмекшісінің (бұдан әрі - КБКК) үй-жайындағы, қадағалау жөніндегі бақылаушылардың қызмет өткеретін орындарындағы және қызмет кластарындағы бірыңғай үлгідегі стенділерде ресімделеді.

11. Сотталғандарды қадағалау жөніндегі міндеттерді орындау үшін бөлінген кезекші ауысым қызметке, тамақ ішу және демалу үшін 2 сағаттық 12 сағат немесе 4 сағаттық үзіліспен 24 сағат уақытқа тағайындалады. Олар өз міндеттерін қарусыз атқарады және белсенді түрде қорғанудың арнайы құралдарымен, көшірмелі радиостанциялармен, ал қажет болғанда көлікпен қамтамасыз етіледі.

Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327 Бұйрығымен.

2-ТАРАУ. ТК-дағы сотталғандарды қадағалауды ұйымдастыру

12. ТК-дағы сотталғандарды қадағалауды ұйымдастыру:

- 1) қадағалау жөніндегі іс-шараларды жоспарлауды;
- 2) қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыруды;
- 3) қадағалауды жүзеге асыруды бақылауды;
- 4) қызмет өткерудің қорытындысын шығаруды құрайды.

13. Бір ай мерзімге арналған қадағалау жөніндегі іс-шараларды жоспарлауды
ТК-ның бастығы жүзеге асырады.

Ж о с п а р д а :

- 1) жеке құрамның қызметтік шеберлігін арттыру;
- 2) қашып кету мен режим бұзушылықтарды болдырмау және олардың алдын
а л у ;
- 3) күзетудің техникалық және инженерлік құралдарын және бейнебақылау
ж ү й е с і н е н г і з у ;
- 4) сотталғандардың қатарынан шыққан белсенділермен жұмыс істеу;
- 5) алдын-алу есебінде тұрған адамдармен жұмыс жөніндегі іс-шаралар
к ө з д е л е д і .

Бір ай мерзімге арналған қадағалау жөніндегі іс-шаралардың жоспарына қосымша ретінде ТК-ның жетекші құрамы, кезекші ауысымдар кезекшілігінің, тінтулер жүргізудің, сотталғандарды тексеру мен қараудың (отрядтар, оқшауланған учаскелер бойынша) графиктері қоса тіркеледі.

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327 Бұйрығымен.

14. Қадағалау жөніндегі іс-шаралардың жоспарлары мен осы Нұсқаулықтың 13 тармақшасында тізілген графиктерді ТК бастығының режимдік жұмыс жөніндегі орынбасары әзірлейді және ТК-ның бастығы бекітеді. Іс-шаралар жоспарларының және графиктердің бір данасы ТК бастығының режимдік жұмыс жөніндегі орынбасарында, екіншісі - режимдік бөлімнің бастығында сақталады.

15. Қадағалау жоспары схемадан, күзет орнының табелінен, лауазымды адамдарға қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықтан және төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдар үшін күш-құралдардың жауынгерлік есебінен тұрады. Қадағалау схемаларында оқшауланған учаскелер, тұрғын үй, тұрмыстық, өндірістік және басқа да үй-жайлар, жер асты құрылыстары мен коммуникациялар, негізгі қоршаудан аймақтың ішкі тыйым салынған бөлігіне жалғасып жатқан 15-50 метрлік жолақ, жүк тиеу, түсіру орындары мен көлік құралдарының қозғалыс жолдары, қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызмет

өткерудің күзет орындары, байланыс және белгі беру құралдарының пункттері, сотталғандарды сапқа тұрғызу орындары, сондай-ақ қашып кетуге қатысты тым осал жерлер, айдауылсыз қозғалу құқығы бар сотталғандардың, сондай-ақ жеңілдікті жағдайларда ұсталатын сотталғандардың жұмыс істейтін және тұратын орындары белгіленеді.

Түрмені қадағалау жоспарына режімдік корпустардың әрбір қабатының жоспарлары да, оларға қадағалау бекеттері енгізіле отырып кіреді.

Ескерту: 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 21 маусымдағы N 182 бұйрығымен.

16. Қадағалау жоспарларының шаралары:

1) онда сотталғандардың тарапынан болатын қылмыстар мен басқа да қоғамға жат қылықтардың алдын алу мен жолын кесуге;

2) объектілерге тыйым салынған заттарды өткізу арналарын анықтау мен жолын бөгеуге бағытталған шаралар;

3) сотталғандардың тұрғын үй және өндірістік аймақтарда, айдауылсыз немесе еріп жүрусіз жүріп-тұру құқы бар және ТМ тыс жерде тұруға рұқсат етілген, сондай-ақ алдын-алу есебінде тұрған адамдардың болуын бақылау;

4) қараулар мен тінтулер жүргізу;

5) арнайы тактикалық сабақтар мен үйренулер;

6) қадағалауға инженерлік-техникалық құралдарды және бейне бақылау жүйесін енгізу көзделеді.

Ескерту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327 Бұйрығымен.

17. Жоспарда:

1) қадағалауды жүзеге асыру үшін тартылатын күш-құралдар;

2) қызмет өткерудің орны мен уақыты;

3) тінтуге жататын объектілер;

4) қызмет өткеруді бақылау көрсетіледі.

1. Қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру

18. Қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру:

1) тәулікке арналған қадағалауды бақылаудағы шешімдер әзірлеуді;

2) жеке құрамды дайындауды және олардың кезекші ауысым құрамында қызмет өткеру мүмкіндігіне медициналық куәландырудан өтулерін;

3) міндеттер қоюды және қадағалауға тартылатын күштердің өзара іс-қимылын ұйымдастыруды;

4) қадағалауды жүзеге асыруға бақылау жасауды құрайды.

Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327 Бұйрығымен.

19. ТК-ның бастығы қадағалауды ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдай
о т ы р ы п :

1) ТК-дағы өткен кезеңдегі құқық тәртібінің ахуалын, құқық бұзушылықтың түрлері мен мән-жайларын, олардың жасалуына ықпал еткен шарттар мен себептерді (бұндайлар бар болса);

2) қадағалаудың күш-құралдарын;

3) сотталғандардың өздері тұратын жерлердегі мүмкін болатын іс-қимылдарын ескереді.

20. Тәулікке арналған қадағалауды ұйымдастырудың шешімі ТК бастығының режимдік жұмыс жөніндегі орынбасарының режимдік бөлімнің бастығымен бірлесе отырып әзірлейтін қадағалаудың тәуліктік ведомосі бойынша ресімделеді (1-қосымша), оны ТК-ның бастығы бекітеді және КБКК-ке тапсырылады. Тәулік өткен соң режимдік бөлімнің бастығы қадағалаудың нәтижелерін талдап, колония басшылығына жоспарланған іс-шаралардың орындалғандығы туралы баяндағаннан кейін қадағалаудың тәуліктік ведомосі режимдік бөлімге сақтауға тапсырылады.

21. Кезекші ауысым қызмет басталар алдында 30 минуттан кешіктірмей өзінің келіп жеткендігі туралы жаңадан кірісуші КБКК-ке баяндайды және осы сәттен бастап оның тікелей жетекшілік етуімен өз міндеттерін атқарады. Ауысымның жеке құрамы қызметке кіріскенге дейін осы Тәртіптің 11-тармағында көрсетілген байланыс құралдарымен, сондай-ақ арнайы құралдармен қамтамасыз етіледі. Кезекші арнайы журналда басшы құрамға арнайы құралдарды беру туралы белгі қояды (4-қосымша). Содан кейін ол кезекші ауысымның жеке құрамын сапқа тұрғызып, экипировкасын тексереді және ТК-ның бастығына немесе оның орынбасарына қызметке даярлық туралы баяндайды, ол ауысушы кезекшімен бірлесе отырып нұсқау беруді өткізеді.

22. Нұсқау беруді өткізуші адам ТК қызметкерлерінің сотталғандарды қадағалау жөніндегі міндеттерді, нормативтік актілердің талаптарын білуін тексереді, кезекші ауысымның назарына колониядағы жағдайды жеткізеді, міндеттер қояды және оларды орындаудың ерекшеліктерін түсіндіреді, қадағалау күштерінің, оның ішінде сотталғандардың өздігінен қызмет ету ұйымдарымен бірге өзара іс-қимыл жасаудың тәртібін белгілейді. Жеке құрамның қызмет өткеруге дайындығын тексергеннен кейін нұсқау беруші кезекші ауысымның құрамына кіретін адамдарға қызметке кірісу туралы бұйрық береді.

23. Нұсқау беру кезінде қызмет өткеруде заңдылықты, сотталғандарға ұдайы бақылау жасауды, олардың жазаны өтеу режимінің талаптарын сақтауды, жедел жағдайдың асқынған кезіндегі іс-қимылдарды және әскери бөлімшенің

қарауылымен өзара іс-қимыл жасаудың тәртібін қамтамасыз етуге назар аударылады. Ерекше бақылауды талап ететін объектілер мен орындар анықталады, сондай-ақ қызмет өткерудің уақыты белгіленеді.

Түрмелерде, түзеу мекемелердің жабылатын үй-жайларында (камераларда) нұсқамалық жүргізу кезінде, бұдан басқа, уақытша бекеттерді, сондай-ақ бақылау тінтулері мен техникалық тексерістер жүргізілуі тиіс камералардың нөмірін қою арқылы күзетті күшейту жөніндегі нақты шаралар және басқа да ө к і м д е р а т а л а д ы .

Ескерту: 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 21 маусымдағы N 182 бұйрығымен.

24. Қадағалау жөніндегі бақылаушылар күзет орындарына кірісе отырып, жеке өзі қарау арқылы олар қадағалау мен күзетуге қабылдап алуы тиіс нәрселердің барлығының тұтастығына және ақаусыз екендігіне көз жеткізеді.

24-1. Қадағалау постылары міндетті тәртіппен:

- 1) АИ-ға (тәрбие колонияларындағы тәртіптік изоляторға), КҮЖ-ға;
- 2) жазаны өтеудің қатаң жағдайындағы локалдық учаскесіне;
- 3) тұрғын-үй аймағына;
- 4) өндірістік аймаққа;
- 5) ұстаудың жеңілдетілген жағдайындағы жасақтарға және айдауылсыз жүріп-тұру құқығын пайдаланылатын сотталғандар үшін;
- 6) бақылау өткізу пунктінде;
- 7) медико-санитарлық бөлігінде;
- 8) жасақтардың локалді учаскелерінде;
- 9) карантин үй-жайында;
- 10) бақылау техникалық құралдарын басқару пульті орналасқан үй-жайда (оператор бөлмесі) орналастырылады.

Қажет болған жағдайда мекеме әкімшілігінің шешімі бойынша тәулік бойғы қадағалау бекеті, тінту, кездесу өткізу бөлмелерінде қосымша орналастырылады.

Күндізгі уақытта автокөлікті, әйел қызметкерлердің еріп жүруіне жүріп-тұру постылары, сондай-ақ сотталғандарды қоныс-колониясы аумағынан тыс жұмыс объектілерінде тексеру белгіленеді.

Ескерту: 24-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2005.05.12. N 128, өзгерту енгізілді - 2007.12.05. N 327 Бұйрықтарымен.

25. Қадағалау жөніндегі бақылаушылар КБКК мен бақылаушылар жасағы бастығының, ал өндірістік объектіде - өндірістік аймақ бойынша кезекшінің немесе әкімшіліктің осы объектідегі өкілінің бақылауымен қызметке кіріседі (ауысады).

26. Тұрғын үй мен өндірістік аймақтар бойынша кезекшілер қадағалау жөніндегі бақылаушылардан күзет орындарын қабылдап алу (тапсыру) туралы

баяндамаларды қабылдап және мүлікті тізбеге сәйкес қабылдап алып (тапсырып), қадағалаудың тәуліктік ведомосіне қол қояды. Бұл ретте жаңа ауысымның кезекшісі кезекшілікті қабылдап алу кезінде анықталған барлық кемістіктер мен ақауларды жазады. КИТҚ жабдықтарында анықталған кемістіктер мен ақаулар, объектідегі сотталғандардың саны және бақылау-із жолағында табылған іздер туралы түзеу колониясының бастығына баяндайды және қарауыл бастығына хабарлайды.

27. Жедел жағдай асқынғанда, сондай-ақ күшейтілген вариант бойынша қызмет өткерген кезде ТК-ның бастығы КБКК-ке бағынатын жедел топтарды тағайындайды. Олар кезекші ауысымның құрамында қызмет атқарады.

28. Жедел топтың құрамына кіретін қызметкерлер 2 және 3-ауысымдардағы жұмыс кестесі ескеріле отырып, қадағалаудың тәуліктік ведомосіне қосылады және КБКК-тің жетекшілік етуімен сотталғандарды қадағалау, олардың күн тәртібін сақтауы жөніндегі міндеттерді атқарады, ал жедел жағдай-асқынғанда оны қалпына келтіру жөніндегі шұғыл шаралар қолданады. Жедел топ демалыс және мерекелік күндері ТК-да болады. Жедел топтың құрамына ТК-ның бастығы бекіткен кесте бойынша барлық бөлімдер мен қызметтердің басшы құрам а д а м д а р ы к і р е д і .

Жедел топтың құрамына кіретін қызметкерлерге ауыру немесе ерекше жеке жағдайлары (туысқандарының қайтыс болуы немесе өміріне қауіп төндіретін ауыр науқастануы, қызметкерге немесе оның отбасына елеулі материалдық нұқсан келтірген табиғи апат) оқиғаларынан басқа жағдайларда мекемені тастап к е т у г е т ы й ы м с а л ы н а д ы .

Ескерту: 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327 Бұйрығымен.

28-1. Демалыс және мереке күндері, сондай-ақ қызметтің күшейтілген түрін өткеру кезеңінде ТМ бастығы бекіткен кестеге сәйкес ТМ бойынша жауапты болып ТМ-нің басшы (бастық және оның орынбасарлары) құрамындағы қызметкерлер кезекшілікке түседі. Қызмет өткеру кезеңінде жауапты қызметкерлер ТМ-нің аумағында тәуліктік кезекшілікке қалады.

Ескерту: 28-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327 Бұйрығымен.

2. Қадағалауды жүзеге асыруды бақылау

29. Түзеу колониясының бастығы мен оның орынбасарлары бақылаушы жасақтардың қызмет өткеруін кемінде аптасына екі рет, ал ТК бастығының режим жөніндегі орынбасары - күнделікті тексереді.

Тексерулердің саны мен уақыты қадағалау жоспарында әрбір бақылаушылар

жасағын бір ауысымда кемінде бір рет тексеруді көздеуі тиіс.

Колония бастығының кезекші көмекшісінің және әкімшілік өкілінің объектілердегі қызмет өткеруін тексеруді түзеу колониясының бастығы.

30. Бақылаушылар күзет орындары мен қызмет өткерудің басқа да орындарында жасақ құрамының болуын, қызметтік құжаттаманы, объект аумағының, бөгет құрылғыларының, жер асты құрылыстары мен коммуникациялардың, бақылау-із жолақтарының және оларға жалғасып жатқан аумақтардың, қоршаулардың, байланыс және белгі беру құралдарының жағдайын, сондай-ақ сотталғандарды камералық үлгідегі үй-жайларда, айыптылық оқшаулау орындарында, тәртіптік оқшаулау орындарында ұстаудың, кездесулер өткізудің, сәлемдемелерді, посылкалар мен бандерольдерді алудың және берудің тәртібі мен шарттарын сақтауды, сотталғандардың объектіде болуын тексереді.

Бақылаушылар құрамының объектідегі жағдайды, қашып кетуге бейім сотталғандар мен режимді кәнігі бұзушылардың санын, олардың орналасқан және жұмыс істейтін орындарын, көлікті және жер асты коммуникацияларды бақылау әдістерін білуі, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде өзара іс-қимыл, байланыс, іс-әрекет жасау тәртібін білуі тексеріледі.

31. Сотталғандардың жүріс-тұрысын қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызмет өткеруді тексерудің нәтижелері тәуліктік ведомостерге жазылады.

32. Егер бақылаушылар жасағын тексеру кезінде олардың қызмет өткеру тәртібін өрескел бұзу - маскүнемдік, сотталғандармен қызметтік емес байланыс жасау және т.б. анықталса, мұндай тәртіп бұзушылықтарға жол берген адамдар оларды қызметтен бос қызметкерлермен ауыстыру арқылы дереу одан әрі қызмет өткеруден шеттетіледі, ол туралы қадағалаудың тәуліктік ведомосіне тиісті белгі қойылады. Қызметтік емес байланыстар жасау фактілері бойынша ТК әкімшілігінің, ҚАЖ қызметкерлерінің қызметтік тексерулері жүргізіледі.

Ескерту: 32-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 155 бұйрығымен.

3. Қызмет өткерудің қорытындысын шығару

33. Кезекші жасақтардың қызмет өткеру нәтижелері олардың ауысымынан кейін қорытындыланады. Бақылаушылар жасағының бағасын ("өте жақсы", " жақсы", "қанағаттанарлық", "қанағаттанарлық емес") колония бастығының кезекші көмекшісі ауысымның осы Тәртіптердің талаптарын орындауына талдау жасаудан шығара отырып, қадағалаудың тәуліктік ведомосіне қояды. Бақылаушылар жасағының жеке орналасқан объектіде қызмет өткеру бағасын режимдік бөлімнің бастығы әкімшіліктің осы объектідегі өкілінің келісімі бойынша қояды. Баға қою кезінде жедел жағдай деректерін білу мен шебер

пайдалану, күн тәртібін орындауды қамтамасыз ету, ТК-ның қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау, қызмет көлемін бекітілген қадағалау жоспарына сәйкес орындау, профилактикалық есепте тұрған адамдардың жүріс-тұрысын бақылаудың жағдайы, қадағалауда техникалық құралдарды пайдалану, ТК-дағы құқық тәртібінің жағдайы ескеріледі.

34. Қадағалау жөніндегі қызмет өткерудің қорытындыларын ТК-ның бастығы ай сайын колония жеке құрамының кеңестерінде шығарып отырады. Қорытынды шығару кезінде барлық қызметтердің қадағалауды қамтамасыз етуге қатысуы, сотталғандарды оқшаулаудың сенімділігі, олардың жасаған қылмыстары, жаза өтеудің режимін бұзулары, оларды жасаудың мән-жайлары, себептері мен шарттары; бөлімшенің қызметкерлері мен бақылаушылар құрамының құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі белсенділігі, қызмет өткеру кезінде заңдылықты сақтау және басқа да көрсеткіштер ескеріледі. Кеңес кезекті айға міндеттер қоюмен аяқталады және хаттамамен ресімделеді.

3-ТАРАУ. ТҮЗЕУ КОЛОНИЯЛАРЫНДА ҚАДАҒАЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ 1. Бақылаушылар ауысымы

35. Сотталғандарды қадағалау тағайындалған бақылаушылар жасағының ауысымы күн тәртібімен белгіленген уақытта жүргізіледі.

Әкімшіліктің өндірістік объектілердегі өкілдері өздері ауысады. Ауысушы кірісушіге сотталғандардың саны, объектідегі жағдай, сотталғандарды қадағалаудың нәтижелері мен аға бастықтардан алған нұсқаулары туралы хабарлайды. Кірісушілер сотталғандардың жұмыс орындарын қарайды және мүмкіндік болғанда олардың болуын тексереді.

36. Бақылаушылар жасағы КБКК-тің, ал өндірістік объектіде ТК әкімшілігінің осы объектідегі - өкілінің бақылауымен ауысады (қызметке кіріседі). Бақылаушылардың жаңа жасағының бастығы ауысушы жасақтың бастығына мәлімдеме жасайды, ал ауысушы жасақтың бастығы оған объектідегі жағдай мен бақылау деректері туралы хабарлайды.

Бақылаушылар жасағының қызметке кірісер алдында жасақ бастығы қызмет өткерудің ерекшеліктерін естеріне салып, әрбір бақылаушыға:

- 1) күзет орнын;
- 2) күзет орнында нені қабылдап алуын;
- 3) қызмет өткеру кезіндегі міндеттерін;
- 4) оқиғалар кезіндегі іс-қимылдардың тәртібін;
- 5) жасақ бастығымен, колония бастығының кезекші көмекшісімен, караулмен байланыс жасаудың тәртібін;
- 6) қызмет өткерудің ұзақтығын көрсете отырып, міндеттер қояды.

Бақылаушы күзет орнына кірісе отырып, табельге сәйкес қадағалау мен күзетуге қабылдап алуға жататын барлық нәрселердің тұтастығы мен ақаусыз болуын жеке өзі қарап, оған көз жеткізеді. Ауысушы бақылаушы кірісушіге күзет орнындағы жағдай туралы хабарлайды.

37. Бақылаушылар жасағының бастықтары бақылаушылардан күзет орындарын қабылдап алу (тапсыру) туралы қабылдап және мүлікті тізбеге сәйкес қабылдап алып (тапсырып), тәуліктік ведомоске қол қояды. Бұл ретте жаңа жасақтың бастығы ауысым кезінде анықталған барлық кемістіктер мен ақауларды жазады. Ауысым туралы, сондай-ақ барлық анықталған ақаулар туралы жасақ бастықтары КБКК-ке баяндайды.

2. Тұрғын үйдегі қадағалау

38. Тұрғын үйдегі қадағалауды бақылаушылар жасағы және КБКК-тің тікелей басшылығымен әкімшіліктің өкілі ретінде тағайындалған ТК-ның қызметкерлері жүзеге асырады.

39. Тексеріп шығу белгіленген бағыттар: аумақ, тұрғын үй, тұрмыстық және оқу үй-жайлары бойынша кесте арқылы белгіленген уақытта жүзеге асырылады, бұл ретте сотталғандардың жүріс-тұрысы мен олардың Ішкі тәртіп ережелерін сақтауы бақыланады.

40. Кесте бойынша оқтын-оқтын қашып кету мүмкін болатын орындар, бөгет құрылғыларының, жер асты құрылыстары мен коммуникациялардың ақаусыз болуы, бақылау-із жолағының жағдайы тексеріліп отырады, ішкі тыйым салынған аймаққа апаратын жолдарды бақылау жүргізіледі, тұрғын үй аймақтарына тыйым салынған заттарды лақтыру жағдайларының жолы кесіледі және қажет болғанда сотталғандарды тінту жүргізіледі.

41. Тәуліктік кезекші отрядтарының жұмысын бақылау жүргізіледі, бұл ретте о л а р д а н :

1) тұрғын үй мен тұрмыстық үй-жайлардағы тазалық, сондай-ақ киім мен аяқ киімді арнайы бөлінген орындарда сақтау ережелері;

2) ұйықтайтын орындарды белгіленген үлгі бойынша жинау және оларда сотталғандардың тегі мен аты-жөні көрсетілген кереуетке ілінген т а б л и ч к а л а р д ы ң б о л у ы ;

3) Тәртіптің тізбесі мен мүліктер тізімінде көрсетілген бұйымдар мен з а т т а р д ы ң б о л у ы ;

4) жарық беру мен байланыс құралдарын жұмыс қалпында ұстау талап етіледі

42. Сотталғандар жүріс-тұрыс ережелерін бұзғанда ТК-ның қызметкерлері мен бақылаушылар одан бұзақылық жасауды тоқтатуды үзілді-кесілді талап етеді

, ал қажет болғанда оны ұстап, КБКК-тің қызметтік үй-жайына апарды. Егер де сотталған адам ескертуге қарамастан олардың талаптарын орындамаса, ал жағдай (сотталғандардың - шоғырлануы немесе өзге де жағдайлар) оны КБКК-ке жеткізуге мүмкіндік бермесе, кезекші ауысымның өкілдері бұзақылық жасауды тоқтатуды тағы да талап етеді, оның жеке басын естерінде сақтап, оқиға туралы К Б К К - к е б а я н д а й д ы .

Бір-біріне тіл тигізуші, қорқытушы сотталғандар ескертіледі, түсініктеме беру үшін КБКК-ке шақырылады немесе жеткізіледі және қажет болғанда о қ ш а у л а н а д ы .

Ескерту: 42-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327 Бұйрығымен.

43. Режим бұзушыларды, әсіресе мас күйдегі адамдарды ұстағанда ТК-ның қызметкерлері мен бақылаушылар жасақтары олардың тарапынан арандатушылық іс-қимылдарды болдырмау үшін ұстамдылық пен абайлық танытуы керек.

44. Жергілікті аймақтары бар ТК-дағы қадағалауды жүзеге асыру кезінде сотталғандардың өзінің жергілікті аймағы шегінен шығу мүмкіндігін болдырмау үшін қатаң өткізу режимі қамтамасыз етіледі. Күндізгі уақытта жергілікті аймақтың аумағы мен үй-жай оқтын-оқтын тексеріліп отырады. Сотталғандар мұқият түрде бақылауға алынады.

45. Сотталғандарды тексеру КБКК-тің жетекшілік етуімен күніне екі рет, күн тәртібімен белгіленген мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1) "Тексеру" деген белгі бойынша сотталғандар отрядтар бойынша (отрядтар - бригадалар бойынша) тексерулер үшін жабдықталған немесе жергілікті учаскелердегі белгіленген орындарда сапқа тұрғызылады. КБКК-тің командасы бойынша отряд бастықтары карточкалар бойынша сотталғандарды тегі бойынша тексереді. Тегі бойынша тексеріс өткізетін лауазымдық тұлға отрядтағы сотталғандардың саны туралы КБКК-ға баяндайды;

2) КБКК, бақылаушылар жасағының бастығы отрядтар бойынша сотталғандардың сандық есебін жүргізеді, содан кейін КҮҮЖ-да, АОО-да, ТОО-да, медикосанитарлық бөлімде, ҚЖҰ-да сотталғандардың, сапқа тұрудан босатылғандардың бар-жоғын тексереді;

3) сапқа тұрудан түнгі ауысымдағы жұмыстан кейін демалып жатқан, төсек режиміндегі ауруы бойынша босату рұқсаты бар, сондай-ақ оларды тастап кету мүмкін болмайтын жұмыстардағы сотталғандар босатылады. Мұндай адамдардың бар-жоғы олар болатын орындарда тексеріледі. Қолайсыз ауа-райы мен қыста ауа температурасы 25 градустан төмен болғанда сотталғандарды сапқа тұрғызу және тексеру отрядтар бойынша тұрғын үй-жайларда өткізіледі;

4) тексеру аяқталғаннан кейін КБКК мен бақылаушылар жасағының бастығы

тексеру нәтижелерін арнайы бөлімнің есепке алу деректерімен салыстырады. Деректер сәйкес келмегенде олардың себебі анықталады; жоқ болып шыққан сотталғандар іздестіріледі, ал қажет болғанда қайта тексеру жүргізіледі. Нәтижелер туралы колония бастығының кезекші көмекшісі ТК-ның бастығына баяндайды және қарауыл бастығына хабарлайды;

5) ұстаудың камералық жағдайы көзделген ерекше режимдегі колонияларда, камералық үлгідегі үй-жайлар мен айыптылық оқшаулау орындарында тексеру камералар бойынша: таңертеңгі - ұйқыдан тұрғызудан кейін, жұмысқа шығарылғанға дейін, кешкі - ұйқыға жатқызу алдында, ал бас бостандығынан айыру орындарындағы емдеу мекемелерінде - палаталар бойынша жүргізіледі.

Ескерту: 45-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327, 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

3. Ерекше режимдегі ТК-ның айыптылық, тәртіптік оқшаулау орындарындағы, камералық үлгідегі үй-жайлар мен жалғыз адамдық камералардағы қадағалау

46. Колония бастығының немесе тиісті бұйрық бойынша оның міндеттерін уақытша орындау жүктелген адамның (17, 18, 19, 20-қосымша) не колония бастығының кезекші көмекшісінің (7-қосымша) (ТМ-дегі Ішкі тәртіп ережелерімен белгіленген жағдайлар мен тәртіпте) қаулысы сотталған адамды айыптылық оқшаулау орнында, тәртіптік оқшаулау орнында ұстауға негіз болып т а б ы л а д ы .

Сотталғандарды камералық үлгідегі үй-жайларға, айыптылық оқшаулау орнына, тәртіптік оқшаулау орнына, жалғыз адамдық камераларға қамаудың, ауыстырудың және ұстау шарттарының тәртібін Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасы мен осы Тәртіп анықтайды.

Сотталған адамды айыптылық оқшаулау орнына, тәртіптік оқшаулау орнына, камералық үлгідегі үй-жайға, жалғыз адамдық камераға қабылдауды бақылаушы КБКК-тің жетекшілік етуімен жүзеге асырады. Сотталған адамды айыптылық оқшаулау орнына немесе камералық үлгідегі үй-жайға қамау туралы қаулыны, әдетте, осындай жазалау шарасын қолданған адам жариялайды.

46-1. Өмір бойы бас бостандығынан айырылғандарға және өлім жазасына сотталғандарды (бұдан ірі - ӨБА және ӨЖ) қадағалауды 15 камераға екі бақылаушы есебінен болатын бақылаушылар наряды жүзеге асырады. Камераның алдында қадағалауды жүзеге асыратын бақылаушылар үнемі көрініп тұратын өзара бақылауда болуы тиіс.

Камера алдындағы пост екі жағында дабылдық-дыбыстық сигнализациясы

бар дыбыс шығарғышпен, мекеменің кезекші бөлімінде тікелей пультпен басқарылатын телефонмен жабдықталады. ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды ұстау үшін камералар осы Нұсқаулық талаптарына сәйкес жабдықталады. Камералардың есіктері құлыппен жабдықталады. Камераның бір кілті пост бақылаушысында болады, екіншісі арнайы құлыптыкі корпус бойынша аға қызметкерде болады.

Камераға кіре беріс сырт жағының қабырғасында камерадағы сотталғандардың суреті, анкеталық деректері мен қылмыс құрамы, профилактикалық есеп санаты қысқаша баяндалған кесте ілінеді

Ескерту: 46-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 155 бұйрығымен.

47. АОО-на, ТОО-на, КҮҮЖ мен жалғыз адамдық камераларға қамалған сотталғандарды ұстаудың шарттарын ТМ-нің Ішкі тәртіп ережелері анықтайды. Сотталған адамды КҮҮЖ-да, АОО-да, ТОО-да, жалғыз адамдық камерада ұстауға қабылдау кезінде бақылаушы қаулының дұрыс ресімделгендігін, рапорттың немесе актінің, сотталғанның түсініктемесі (түсініктеме беруден бас тарту туралы актісі) болуын, арнайы құралдарды қолданған жағдайларда актінің болуын тексереді, сотталған адамды есепке алу кітабына жазады (21-қосымша), оны тінтеді, алынып қойылған заттарды қаулының бланкісіне жазады, сотталған адамға АОО-на бекітіліп берілген киімді кигізіп, оны камераға қамайды, содан кейін сотталған адамды қабылдау туралы қаулыда көрсетілген орынға қол қояды.

Оларға қатысты тиісті қаулылар шығарылған сотталғандарды КБКК немесе бақылаушылар жасағының бастығы кемінде жасақтың 2 адам жетекшілік етуімен айыптылық оқшаулау орнына немесе камералық үлгідегі үй-жайға жеткізеді.

Ескерту: 47-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 155 бұйрығымен.

48. Сотталған адамды жеке тінту оны айыптылық оқшаулау орнына, камералық үлгідегі үй-жайға немесе жалғыз адамдық камераға қамау және одан босату кезінде, сондай-ақ ол жұмыстан қайтып оралған кезде және басқа да қажетті жағдайларда жүргізіледі.

49. Камералық айыптылық оқшаулау орнында, тәртіптік оқшаулау орнында, камералық үлгідегі үй-жайлар мен жалғыз адамдық камераларда ұсталатын сотталғандар сейілдеуге камералар бойынша, бақылаушылардың кезекшілікті қабылдау-тапсыру кезеңдерінде шығарылады. Оларды сейілдеуге шығару алдында бақылаушы сейілдеуге арналған ауланы және оның қоршауларының жағдайын мұқият қарап шығады.

Сейілдеу кезінде оларды бақылауды қабылдаушы немесе тапсырушы бақылаушылардың біреуі жүзеге асырады. Сейілдеу уақыты 1,5 сағаттан кем

е м е с .

Сотталғандар жұмыста немесе сейілдеуде болған кезде тыйым салынған заттарды, қашып кетуге әзірлік құралдарын тауып алу мақсатында камераларды қарау жүргізіледі, сондай-ақ құлыптардың, терезе торларының және басқа да жабдықтардың ақаусыз болуы тексеріледі.

ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды серуенге шығару кезінде маусымдық киімді, аяқ-киімді резервтік топтың бақылаушысы бөліп тұрған тор арқылы камера бойынша кезекшісіне береді. Содан кейін Нұсқаулыққа сәйкес сотталғандарға кісен салынады, оларға тінту өткізеді және серуендеу ауласына айдауылдайды. ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды серуендеу ауласына бір-бірден кіргізеді. Сотталғандар серуендеу ауласының қарсы жақ есігіндегі қабырғаға бетін бұрып сапқа тұрады. Серуендеу ауласының есіктері құлыппен жабылады. Бақылаушының командасы бойынша сотталғандар серуендеу ауласы есігінің терезесіне бір-бірден жақындайды және олардан серуендеу кезінде кісендерін алады. Серуендеу қадағалау жөніндегі бақылаушының командасы бойынша жүзеге асырылады. ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды серуендету күн сайын тәуліктің күндізгі уақытында, камералап, бір-бірінен бөлініп тұрған серуендеу аулаларында жүзеге асырылады. Серуендеу уақытында ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды қадағалауды бақылаушылар серуендеу ауласының жоғарғы жағындағы төбесінде серуендеу ауласының барлық алаңын байқау мүмкіндігі болатын сетка-рабицамен жабылған тор түрінде жабдықталған бақылаушылар наряды соқпағынан үнемі қадағалауды жүзеге асырады. Бұл ретте әр камераларда ұсталатын сотталғандардың хабар алысу мүмкіндігін болдырмау керек. Серуендеу белгіленген ереже тәртібі бұзылған кезде немесе сотталғандардың қалауы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Камера қабырғаларының зақымдалуы, ағаштан жасалған және металл құрылыстардың сынғаны және егелуі анықталған кезде күндізгі сменаның аға басшысы дереу мекеменің күзет, режим және қадағалау жөніндегі бастығының орынбасарына (немесе оның міндетін атқарушы адамға) хабарлайды, ол қызметтік тергеу жүргізу тағайындайды. Қажет кезінде сотталғандар басқа камераларға ауыстырылады. Анықталған жетіспеушіліктерді жоюға дереу шара қ а б ы л д а н а д ы .

Әр камераға техникалық тексеру өткізгеннен кейін нәтижесі бойынша акті жасалады, ол режим және қадағалау бөліміне камераларға техникалық тексеру өткізу актісінің есебі журналына (40-қосымша) тіркеу үшін тапсырылады. Режим және қадағалау бөлімінде әр камераға жыл сайын жаңа папка ашылады, оған күн сайын камераларды техникалық тексеру нәтижелері туралы тіркелген актілер т і г і л е д і .

Ескерту: 49-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004.05.27. N 155, 2007.12.05. N 327 Бұйрықтарымен.

50. Сотталған АОО-нан, ТОО-нан, КҮҮЖ-дан тыс жерлерге әкімшіліктің шақыруы бойынша немесе басқа да жағдайларда камерадан шығаруды тек қана түзеу мекемесі бастығының кезекші көмекшісінің нұсқауы бойынша міндетті түрде сотталған адамға екі ТМ қызметкерлерінің еріп жүруі арқылы жүргізіледі.

ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды ертіп жүру бір сотталғанға кезекші нарядтың екі адамы есебінен жүзеге асырылады. ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды ертіп жүру кезінде олардың артқа қайырылған қолдарына кісен салынады. ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды түзеу мекемесінің аумағында ертіп жүру шынтақты ұстап, тік қалпында және тек кинолог-маманның қатысуымен, қызметтік иттерді қолдану арқылы ғана жүзеге асырылады.

Ескерту: 50-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004.05.27. N 155, 2005.12.29. N 345, 2007.12.05. N 327 Бұйрықтарымен.

50-1. ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды камерадан шығару Колония бастығының кезекші көмекшісінің (бұдан әрі - КБКК) шешімі бойынша:

- 1) кездесуге рұқсат берген кезде;
- 2) тергеу әрекетін жүргізген кезде;
- 3) қажетті медициналық процедуралар жүргізген кезде;
- 4) заңға қайшылық әрекетін болдырмау кезде;
- 5) серуенге шығарған кезде;
- 6) жұмысқа шығарған кезде;
- 7) әкімшілік өкілдерімен сұхбат жүргізу үшін;
- 8) тексеру, камераларды техникалық тексеру жүргізу кезінде;
- 9) камерадан камераға ауыстыру кезінде;
- 10) моншаның боксында шомылу кезінде жүргізіледі.

Ескерту: 50-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 155 бұйрығымен.

50-2. Сотталғандарды камерадан шығару КБКК-нің, бір сотталғанға кемінде екі қызметкер есебінен болатын бақылаушылар наряды мен резерв тобының міндетті түрде қатысуымен мынадай тәртіппен:

камера бойынша кезекшінің баяндауынан кейін сотталғандардың қолдарына бөлу решеткасының есіктегі көзінен кезекпен кісен салады;

сотталғандар камерада қабырға бойымен бақылаушы олардың әрқайсысын толық шола алатындай болып сапқа тұрады;

кезекші бақылаушы КБКК командасы бойынша бөлу решеткасының есігін ашады және коридорға шығады;

бақылаушының командасы бойынша сотталғандар бір-бірден, бастарын төмен түсіріп, тізелерін бүгіп, қолдарын артына қайырып көтеріп, саусақтарын

жайып камерадан шығады және коридорда дәл осындай күйде беттерін қабырғаға қаратып, бастарын қабырғаға тіреп тұрады.

Ескерту: 50-2-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 155 бұйрығымен, 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 345 бұйрығымен.

51. Камера колония бастығының кезекші көмекшісінің немесе бақылаушылар жасағы бастығының қатысуымен, бірақ кемінде 3 қызметкер болған кезде ашылады. Камераны ашар алдында бақылаушы сотталғандардың тұруын, есіктен әрі тұруын, сапқа тұруын, қолдарын қалталарынан шығаруын талап етеді және олардың тынышталғандығына көз жеткізгеннен соң камера есігін ашады.

ТК-ның әкімшілігі өкілдері мен өзге де адамдардың сотталғандар камераларында болуы кезінде бақылаушылардың біреуі камераға бірінші болып кіріп, келген адамдардың алдында, ал екінші бақылаушы есіктің сыртында тұрады. ӨББА және ӨЖ сотталғандар қабырғаға беттерімен қаратылып, аяқтары иықтарының кеңдігіндей, қолдарын қабырғаға тіреп, қолдарының саусақтары ашылған күйінде сапқа тұрғызылады. Камера бойынша кезекші қолдарын жоғары көтеріп әкімшілік өкіліне бетімен бұрылады және белгіленген нысан бойынша баяндама жасайды (41-қосымша). Екі бақылаушы да сотталғандарды бақылап тұрады, олар шабуыл жасаудың дереу жолын кесуге және сотталғандардың камерадан шығып кетуіне жол бермеуге әзір болады.

Сотталған адам ауыру ұстамасында немесе өзін-өзі өлтіруге оқталған жағдайда бақылаушы егер камерада бірнеше сотталғандар ұсталатын болса, олардың қажетті көмек көрсетуін талап етеді, дереу дабыл белгісін қосып, КБКК мен бақылаушылар жасағы келіп жеткенде камераны ашады және оған қажетті көмек көрсетеді, бұл ретте сотталғандар камерадан шығарылады.

Әкімшілік өкілдерінің камераға кіруі алдында ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарға бөлу торы арқылы қолдарына кезекпен кісен мынадай тәртіппен кигізіледі: сотталған басын төмен түсіріп, тізелерін бүгіп, қолдарын артына қайырып көтеріп, бөлу торының есігіне жақындайды және оған арқасын қаратып бұрылып, есік көзіне қолын сұғады, бақылаушы оның қолына кісен салады. Содан кейін сотталған дәл осындай күйде камера қабырғасына барады және беттерін қабырғаға қаратып тұрады. Камераға сотталғандардың бірге болуымен осы қауіпсіздік шараларын сақтамай және объективті қажеттілік болмай кіруге үзілді-кесілді тыйым салынады.

Ескерту: 51-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 155 бұйрығымен, 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 345 бұйрығымен.

52. Бақылаушы айыптылық оқшаулау орнының, камералық үлгідегі үй-жайдың немесе бір адамдық камералар дәлізі бойынша қозғалып жүріп,

есіктердегі қарауға арналған оптикалық саңылаулар арқылы сотталғандарды мұқият бақылайды. Камера есіктері, сондай-ақ дәлізге кіретін есіктер құлыппен жабулы болу керек. Камера кілттері КБКК-те, запас кілттер кезекші бақылаушыда мөр басылған пеналда сақталады. Дүлей зілзала жағдайында (өрт, жер сілкінісі, су тасқыны және т.б.) болған жағдайда АОО, ТОО, КҮҮ бойынша бақылаушы адам өлімін болдырмау мақсатында өз бетінше камераларды аша а л а д ы .

Ескерту: 52-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327 Бұйрығымен.

52-1. Камера, корпус бойынша аға маман мен бір ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғанға кемінде екі қызметкер есебінен болған кезде КБКК-нің қатысуымен ғана ашылады, бұл ретте кезекші қадағалаушы есіктің жел көзін ашып сотталғанға сапқа тұруға бұйрық береді, бұйрықтың орындалғанына көзі жеткесін, камера бойынша кезекшінің баяндамасынан кейін, аға ілесушінің бұйрығымен, керек болған жағдайда, сыртқы есікті ашады, сонан соң сотталғандардың қабырғаға беттерімен қарағандарына көздерін тағы жеткізіп, бұйрыққа сәйкес ішкі торланған есікті ашады. Камераның торланып бөлінген есігін қарап, торланған камералық есіктің көзәйнегі арқылы сотталғандарға кезекпен кісен салынады .

Ескерту: 52-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 155 бұйрығымен.

52-2. ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды қадағалау жөніндегі ішкі постының бақылаушыларына :

- 1) камералардың есігін онда сотталғандар болған кезде ашық тастауға;
 - 2) әр камерада ұсталатын сотталғандарды бір уақытта шығаруға;
 - 3) тамақ таратқан кезде бөліп тұрған ішкі есікті ашуға;
 - 4) электроэнергия берген кезде камераны ашуға;
 - 5) КБКК-ның, корпус бойынша бастығының рұқсатынсыз өз бетімен камераны ашуға ;
- б) сотталғандармен қызметтік емес байланысқа түсуге және қызмет мүддесіне байланысты емес бөгде әңгімелер жүргізуге тыйым салынады.

Ескерту: 52-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 155 бұйрығымен.

52-3. Төтенше жағдайды анықтаған постыдағы бақылаушы немесе әкімшілік өкілі дабыл қағу сигнализациясын немесе радио-телефон байланыс құралдарын қосу арқылы дабыл сигналын береді. Инженерлік-техникалық күзет құралының бақылаушы-операторы дабыл сигналын алғаннан кейін мекемеде дыбыс күшейткіш немесе радио байланыс құралымен дабыл жариялайды және КБКК-ге хабарлайды .

Ескерту: 52-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 155 бұйрығымен.

53. АОО-да, КҮҮЖ-да, ТОО-да ұсталатын сотталғандардың тексеруі күніне екі рет өткізіледі. Таңертеңгі тексеру КБКК басшылығында жасақ қызметіне келетін және ауысатын тұлғалардың күшімен өткізіледі. Тексеріс камера бойынша сотталғандарды шығарып, сонымен қатар камераларды толық тінту мен техникалық қарау өткізіледі.

Кешкі тексеру күн сайын, күн тәртібімен белгіленген уақытта, түзеу мекемесі бастығының кезекші көмекшісінің немесе бақылаушылар жасағы бастығының жетекшілік етуімен жүргізіледі.

Сотталғандар камераларда команда бойынша сапқа тұрғызылып, бақылаушы камералық тізім бойынша олардың бар-жоғын тексереді. Тексеру кезінде камералардың сыртқы есіктері ашылып, ал ішкі торланған есіктері құлыпқа жабылады.

54. Камераларды жинастыруды сотталғандар кезектік тәртіппен жүргізеді. Кезекші дымқыл жинастыруды жүзеге асырылады. Кереуеттер жинау кезінде матрас, кереуеттің металл құрылысын көзбен тексеру үшін екі бүктеліп жиналады, кереуеттерді жинау белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі. Кереуеттерде демалуға жиналған төсекте сыртқы киімсіз белгіленген уақытта ғана рұқсат етіледі.

Сыртқы қысқы киімдер және аяқ-киімдер арнайы белгіленген орындарда болуы тиіс. Сотталғандар камерада күнделікті киіммен және жұмсақ тапшықпен жүреді.

Көпшілік пайдаланатын орындарды жинауды, пеш жағуды, тамақ әкелуді және таратуды шаруашылық қызмет көрсететін арнайы тағайындалған адамдар жүргізеді.

Тамақ тарату ТМ-нің бастығының кезекші көмекшісінің немесе бақылаушылар наряды бастығының қатысуымен бақылаушылардың қадағалауымен жүргізіледі.

ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандардың камерасына тамақ күнделікті тәртіппен белгіленген уақытта резервті топтың бақылаушысымен камера бойынша, есіктің желкөзі арқылы беріледі, оны камера бойынша кезекші 3-ден кем емес бақылаушының қатысуымен алады.

ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарға хаттарды, дәрі-дәрмектерді, кітаптарды және т.б. тапсыру кезінде арнайы құралдар пайдаланылады, мұндай кезде тек тапсыру терезесі ашылады, камералардың есігі ашылмайды.

ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандардың әйнектерінің жел көздері, камера бойынша кезекшіге есіктің жел көзі арқылы берілетін ұзындығы 1,3м. басында ілгешегі бар арнайы таяқпен ашылады, бұл ретте таяқ жұмыр жағымен жел көзге

салынады және оны кезекші сол тәртіппен кері қарай береді.

Ескерту: 54-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 155 бұйрығымен.

54-1. Сотталғандарды жуындыру камералап, бір-бірінен оқшауланған монша бокстарында аптада бір реттен аз болмай жүзеге асырылады. Бұл ретте кісендері сотталғандарды монша бокстарына орналастырып, бөлу торының есігін жапқаннан кейін алынады. ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандардың кісендерін алу оларды серуендеу алаңына орналастырғандағыдай ретпен жүзеге асырылады. Бұл туралы санитарлық тексерістен өткен сотталғандардың есебі журналында белгі қойылады. Қажеттілік бойынша жуындыруға шығару кезінде бастың шашты жерлерін қырку жүргізіледі. Сотталғандарды жуындыру күні іш киімдері мен төсектері, сондай-ақ жууды қажет ететін киімдері ауыстырылады. Сотталғандарға өз бетімен киімін жууға тыйым салынады.

Ескерту: 54-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004.05.27 N 155, 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

4. Өндірістік объектідегі қадағалау

55. Сотталғандарды өндірістік объектідегі қадағалауды бақылаушылар жасағының адамдары мен сотталғандардың еңбегін ұйымдастырушы ТК-ның қызметкерлері жүзеге асырады.

Бір ауысымдық жұмыстар жүргізілетін тұрақты және уақытша өндірістік объектілерді бақылаушылар жасағы сотталғандар кіргізілгенге дейін қарап шығады.

ТК әкімшілігінің объектідегі өкілдері мен бақылаушылар жасағы (жекелеген бақылаушылар) белгіленген уақытта анықталған бағыттар бойынша өндірістік ғимараттарды, тұрмыстық үй-жайларды, объектінің аумағы мен сотталғандардың жұмыс орындарын қарайды. Шеберлер мен бригадирлер ТК-ның әкімшілігі өкілдерінің және бақылаушылардың талабы бойынша объектідегі (цехтағы) жағдай мен сотталғандардың бар-жоғы туралы баяндап отырады. Объектінің аумағын қарау кезінде жер асты құрылыстары мен коммуникацияларды бөгеу құрылғыларының жағдайы мен тыйым салынған заттарды сақтауға арналған қазба орындарының және жасырын орындардың мүмкін болатын жерлеріне ерекше назар аударылады. Сонымен қатар күзету жолдарына таяу орналасқан жерлер мен тыйым салынған аймаққа жалғасып жатқан жолақта жүрген адамдарды бақылау жүзеге асырылады.

56. Үй-жайлар мен сотталғандардың жұмыс орындарын қарау кезінде, спирттік негіздегі лакбояу және басқа да материалдарды пайдалану, тыйым

салынған заттарды дайындау мен сақтаудың тәртібін бұзу фактілерін анықтау
ш а р л а р ы қ о л д а н ы л а д ы .

Дайын өнімді, әсіресе габариттері ірі бұйымдарды орау мен көлік құралдарына тиеу жұмыстары жүргізілетін учаскелерде жасырын және бой тасалау орындарының мүмкін болуына басты назар аударылады. Тиеу алдында көлік құралдары, бұйымдар мен орау құралдары мұқият тексеріледі.

Жекелеген жағдайларда жүктерді тиеу бақылаушылардың немесе басқа да арнайы тағайындалған адамдардың қадағалауымен жүргізіледі.

Көлікті бақылау өткізу пунктiнен (бұдан әрi - БӨП) шығарып салудың, тиеу мен қайта шығудың барлық жағдайлары бақылаушының немесе өзге де арнайы тағайындалған адамның бақылауымен жүзеге асырылады, ол туралы көліктің БӨП-тен шығуын (БӨП-ке кіруін) тіркеу журналына жазылады.

57. Жұмыс істейтін сотталғандардың бар-жоғын бақылаушылар, инженерлік-техникалық қызметкерлер әрбір екі сағат сайын учаскелер, цехтар бойынша, сапқа тұрғызусыз, міндетті түрде жоқ адамдардың болатын орындарын анықтау арқылы тексереді. Түскі үзілісте және жұмыс аяқталғаннан кейін жинау пунктінде сапқа тұрғызу арқылы сотталғандардың бар-жоғы тексеріледі. Бірінші кезекте қашып кетуге бейім және алдын-алу есебінде тұрған сотталғандар тексеріледі. Сотталғандардың жоқ болуы туралы бақылаушылар немесе инженерлік-техникалық қызметкерлер КБКК-ке баяндайды және қарауыл б а с т ы ғ ы н а х а б а р л а й д ы .

Ескерту: 57-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327 Бұйрығымен.

5. Профилактикалық есепте тұрған адамдардың жүріс-тұрысын қадағалау

58. Қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жасауға бейім адамдар профилактикалық есепке алынады және олармен мақсатты бағыттағы тәрбие жұмысы жүргізіледі.

59. Профилактикалық есепке:

- 1) қашуға әзірленуші және бұрын қашқан;
- 2) өздерін "заңдағы ұрылар" санатына жатқызатындар, сондай-ақ теріс бағыттағы топтардың серкелері мен белсенді қатысушылары;
- 3) топтасқан қақтығысуларды ұйымдастырушы және арандатушы;
- 4) есірткі заттарды, күшті әсер ететін медициналық дәрі-дәрмектерді пайдалануға, өткізуге немесе сатып алуға бейім, сондай-ақ сот нашакорлықтан емдеуді қажет ететін деп таныған;
- 5) материалдық немесе өзге пайда табу мақсатында карта не басқа да құмар

ойындарды ұйымдастырушы немесе оларға белсенді қатысушы;

6) психикалық ауытқулары бар, сондай-ақ аутоагрессивті қылыққа, қасақана өз-өзіне қандай да бір жарақат салуға және өз-өзіне қол жұмсауға бейім;

7) қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз етуші мекемелердің қалыпты қызметіне кесел келтіргені үшін, бұқаралық тәртіпсіздіктер, бопсалау үшін, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыстық топтың құрамында және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қатысты қылмыстар жасағаны үшін жазасын өтеуші;

8) жалған ақша жасағаны үшін жазасын өтеуші сотталғандар алынады.

Көрсетілген адамдарға, кезекші нарядтың күшімен, сөткелік ведомость бойынша күшейтілген бақылауын жүзеге асырады.

Қашуға бейім адамдар ретінде алдын-алу есебінде тұрғандардың тәртібін сипаттайтын материалдар есепке алынған күннен бастап он екі ай өткен соң ТМ комиссиясында қаралады. Комиссияда сотталғанды алдын-алу есебінде тұруын ұзарту немесе алып тастау туралы шешім қабылданады. Алдын-алу есебінен алып тастаудан бас тартқан жағдайда комиссияның қайта қарауы кемінде алты ай өткеннен кейін болуы мүмкін.

Ескерту: 59-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327, 2010.02.25 N 66 Бұйрықтарымен.

6. Айдауылсыз жүру құқығы берілген сотталғандарды қадағалау

60. Колония бастығының белгіленген тәртіпте ресімделген қаулысы сотталған адамның айдауылсыз жүруіне (26-қосымша) негіз болып табылады. Осы қаулының негізінде сотталған адамға тұрғын үй аймағынан тыс жерлерге шығу құқығын беретін рұқсат қағазы (23-қосымша) мен қозғалыс бағытының карточкасы беріледі(24-қосымша).

61. Айдауылсыз жүру құқығы берілген сотталғандарды қадағалау олардың белгіленген жүріс-тұрыс ережелерін сақтауын қамтамасыз ету, бағыттан ауытқуын, қашып кетуін немесе өзге де қылмыстар жасауын болдырмау мақсатында жүзеге асырылады.

Колония қызметкерлері немесе мұндай сотталғандарды қадағалауды жүзеге асырушы бақылаушы жасақтың адамдары олардың тек ғана белгіленген бағыттар бойынша қозғалуын, жұмыс объектісінің шекарасынан тысқары шықпауын, жергілікті тұрғындармен байланыс жасамауын және белгіленген уақытта тұрғын үй аймағына қайтып оралуын қадағалайды.

Айдауылсыз жүру құқығы берілген сотталғандарды бақылау, олардың жұмыс объектілерінде болуын тексеру кемінде бір сағат сайын патрульдеу арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту: 61-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 155 бұйрығымен.

7. Кездесулер өткізу кезінде сотталғандарды қадағалау

62. Колония бастығының немесе оның орнындағы адамның жазбаша рұқсаты сотталғандарға олардың туысқандарымен немесе өзге де адамдармен кездесу беруге негіз болып табылады.

63. Бақылаушы кездесу басталғанға дейін келген адамдардан өтініш, құжаттар қабылдап, кездесулерді есепке алу карточкаларын (14-қосымша) алып колония бастығының кезекші көмекшісіне баяндайды.

Кездесу беруге жазбаша рұқсат алған кезде колония бастығының кезекші көмекшісі бақылаушыға өтініш пен кездесулерді есепке алу карточкаларын береді және сотталғандардың кездесуге келуін қамтамасыз етеді. Қысқа мерзімді кездесу берілген кезде бақылаушы алдымен қысқа мерзімді кездесуге арналған бөлмеге сотталғандарды кіргізеді, ал содан соң ол жерге кездесуге келген адамдарды ертіп апарады. Ұзақ кездесулерге арналған бөлмелерге алдымен жақын туысқандары, ал содан соң сотталғандар шақырылады. Қысқа мерзімді кездесу аяқталғаннан кейін бөлмеден алдымен туысқандары немесе өзге адамдар, ал ұзақ кездесулерге арналған бөлмелерден сотталғандар шығады.

Тексеру тобының қызметкерлері заңнамада белгіленген тәртіпте ұзақ және қысқа мерзімді кездесуге келген адамдардың, сондай-ақ олардың заттары мен азық-түліктеріне тексеріс жүргізеді. Қажет болған жағдайда, мекеменің немесе оның аумағына жақын жерлерде тұрған көлік құралдары да тексеріс жүргізуге ж а т а д ы .

Қысқа мерзімді кездесу кезінде бақылаушы үнемі бөлмеде болып, сотталғандар мен олардың туысқандарының жүріс-тұрысын, әсіресе қандай да бір заттарды бір-біріне тапсыруын болдырмауды бақылайды. Жүріс-тұрыс ережелері бұзылған кезде қысқа мерзімді кездесуді бақылаушы, ал ұзақ кездесуді - КБКК-нің рұқсаты бойынша тоқтатуы мүмкін. Кездесуді тоқтату туралы соңғы шешімді кездесуге рұқсат берген адам қабылдайды. Кездесуді тоқтатудың себептері туралы өтінішке және кездесулерді есепке алу карточкаларына ж а з ы л а д ы .

Ескерту: 63-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327 Бұйрығымен.

64. Кездесуге келген сотталған адамға қызметкер жүріс-тұрыс ережелерін, ал кездесуге келген адамдарға өртке қарсы қауіпсіздік шараларын және өрт шыққан жағдайдағы (басқа да зілзала кезіндегі) эвакуация тәртібін түсіндіреді, ол туралы а р н а й ы ж у р н а л ғ а ж а з ы л а д ы .

Ескерту: 64-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327 Бұйрығымен.

65. Кездесулер өткізуге арналған бөлмелер осы Нұсқаулыққа сәйкес жабдықталады.

66. КБКК немесе бақылаушы жасағының бастығы ұйқыға жатқызу алдында және ұйқыдан тұрғызудан кейін ұзақ кездесулерге арналған бөлмелердегі сотталғандардың бар-жоғын және олардың жүріс-тұрыс ережелерін орындауын т е к с е р е д і .

Кездесуге келген адамдарға ТМ-нен тыс жерлерге қысқа уақытты шығуларына ТМ бастығы немесе оны алмастырушы адам рұқсат береді. Олар қайтып келгеннен кейін тексеріс тобының қызметкерлері заңнамада белгіленген тәртіппен олардағы заттар мен азық-түліктерге тексеріс жүргізеді.

Ескерту: 66-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327 Бұйрығымен.

8. Сәлемдемелерді, посылкаларды, бандерольдерді тексеру

67. Сотталғандардың атына посылкалардың, бандерольдер мен сәлемдемелердің келіп түскендігі туралы бақылаушы КБКК-ке баяндайды, КБКК оларды алу тәртібін қамтамасыз етеді.

68. Сотталған адамға сәлемдеме әкелген адам бақылаушы арқылы екі данадағы (16-қосымша) жазбаша өтініш береді. Рұқсат алғаннан кейін бақылаушы сәлемдемені қабылдап алады.

Сәлемдемені тексеру мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1) Бақылаушы сәлемдеме әкелген адамға колония пайдаланылуына тыйым салынған заттар туралы ескертеді және ондай заттарды алып қалуды ұсынады, содан соң ол сәлемдемені тексеруге кіріседі;

2) сәлемдеме мұқият тексеріледі. Әрбір зат мұқият тексеріліп, қажет болған жағдайларда нан өнімдері мен басқа да заттар кесіледі, сусымалы өнімдер төгіледі, ал сұйық заттар - басқа ыдысқа құйылады. Консерві банкалары мен әртүрлі бумаларға ерекше назар аударылады, оларда спирттік ішімдіктер, есірткі заттар, ақша және өзгеде тыйым салынған заттар болуы мүмкін. Бұл банкаларда тыйым салынған заттар болуы мүмкін деген негізді күдіктер туған жағдайда олар а ш ы л у ы м ү м к і н ;

3) бақылаушы сәлемдемені қабылдап алып, сәлемдеме әкелген адамға қабылдау туралы қолхатпен бірге өтініштің бір данасын қайтарып береді, екінші данасын - бергеннен кейін және онда алушы қол қойғаннан кейін өзінде қалдырады.

69. Посылкалар мен бандерольдерді тексеруді бақылаушы алушының қатысуымен жүзеге асырады.

70. Сәлемдемелерден, посылкалардан, бандерольдерден табылған тыйым салынған заттар алынып қойылады. Қылмыстық мақсатта пайдаланылмайтын алынып қойылған заттар қайтарудың себептері түсіндіріле отырып сәлемдеме әкелген адамға қайтарылады. Посылкалардан, бандерольдерден алынып қойылған барлық пайдаланылуына тыйым салынған заттар, сондай-ақ қылмыстық мақсатта пайдаланылуы мүмкін болатын сәлемдемелерден алынып қойылған заттар, алынып қойылуы туралы актіде көрсетіледі. Мұндай заттарды алып қою туралы актіні бақылаушы колония бастығының кезекші көмекшісінің, жедел немесе режимдік қызметкерлердің қатысуымен толтырады.

Заңнамада көзделген жағдайларда ТМ-нің уәкілетті лауазымды адамы, белгіленген тәртіппен, осындай құқық бұзушылыққа жол берген адамдарға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды.

Ескерту: 70-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327 Бұйрығымен.

71. Айыптылық оқшаулау орнында ұсталатын сотталғандарға келген сәлемдемелер қабылданбайды, ал оларға келіп түскен посылкалар жазасын өтегеннен кейін беріледі.

4-ТАРАУ. Сотталғандарды, үй-жайларды тінтуді, тұрғын үй аймақтары мен өндірістік объектілерді қарауды жүргізудің тәртібі

72. Түзеу колонияларында сотталғандарды жеке тінтулер, үй-жайларды тінту, тұрғын үй аймақтары мен өндірістік объектілерді қарау жүргізіледі.

Тінтулер мен қарау сотталғандардан пайдаланылуына тыйым салынған заттарды алып қою, олар сақталатын орындарды, қазба орындарын анықтау және жасырынған сотталғандарды іздеу мақсаттарында жүргізіледі.

Тінтулер мен қараулар жүргізуге колония қызметкерлері, бақылаушылар жасағы тартылады. Тінтулер мен қараулар кезінде техникалық құралдар пайдаланылады.

1. Сотталғандарды жеке тінту

73. Сотталғандарды жеке тінту толық тінту және шешіндірусіз толық емес тінту болып бөлінеді. Тінтуді тінтілуші адаммен бір жынысты адам жүргізеді.

Сотталғандарды жеке тінту міндетті түрде мынадай жағдайларда:

- 1) ТК-ке келіп түскенде және одан кеткенде;
- 2) сотталғандар камералық үлгідегі үй-жайға, айыптылық оқшаулау орнына, жалғыз адамдық камераға қамалғанда және олар босатылғанда;

- 3) кездесу өткізу алдында және ол аяқталғаннан кейін;
- 4) режимді бұзған, қашып кеткен немесе басқа да қылмыстар жасаған жағдайда ұсталған кезде жүргізіледі.

74. Толық тінту мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1) сотталған адамға пайдаланылуына тыйым салынған заттарды тапсыру, ал содан кейін бірінен соң бірін бас киімін, аяқ киімін, үстіндегі киімін іш киімге дейін шешу ұсынылады;

2) іш киімінің сыртынан сотталған адамның денесі, аяқ-қолдары саусақтарының арасы, құлақ тесіктері мен ауыз қуысы, сондай-ақ медициналық таңулар мен аяқ-қол протездері тексеріледі. Протездер мен таңулар медициналық қызметкердің қатысуымен жүргізіледі;

3) сотталған адамның киімі, бас киімі, аяқ киімі мен заттары тексеріледі. Киімнің жамаулары, тігістері, жағасы мен астары тексеріледі. Қажет болғанда киімнің жекелеген орындары бізбен шаншылады немесе сөгітіледі. Аяқ киімнің сыртқы және ішкі жақтары қаралып, міндетті түрде оның иілісі тексеріледі.

4) Сондай-ақ жамаулары, өкшелері, табандары және ақша, есірткі заттар мен басқа да заттарды жасыруы мүмкін орындар тексеріледі.

Толық тінту бақылау-өткізу пунктінде орналасқан немесе оған таяу жерде жабдықталған арнайы үй-жайда жүргізіледі.

75. Толық емес тінту тыйым салынған заттарды тығу мүмкіндігі негізінде ТМ қызметкерлерімен өткізіледі.

76. Толық емес тінту кезінде сотталған адамға тыйым салынған заттарды тапсыру ұсынылады. Киімдері мұқият тексеріледі. Бұл ретте жеңдерінде, жағасында, астарында және шалбарында шабуыл жасау қаруларының (пышақ, үшкір темір және т.б.) немесе өзге де тыйым салынған заттардың болуы тексеріледі. Содан кейін қалталары тексеріліп, бас киімдері мен аяқ киімдері тексеріледі. Тінтілуші адамның мінез-құлқы күдік туғызған жағдайда толық тінту жүргізіледі.

Сотталғандар жұмыстан қайтып оралған кездегі толық емес тінту сыртқы бақылаудан жасырын тұрған бақылау алаңында жүргізіледі. Бұл үшін бақылау алаңы қақпаларының шебінде төрт-бес бақылаушы тұрады, олар КБКК-тің, бақылаушылар жасағы бастығының бақылауымен белгіленген интервал сайын шеренгалармен өтетін сотталғандарды тінтеді.

77. Тінту жүргізу кезінде режимді бұзған не қылмыс жасаған сотталған адамға қолдарын жоғары қарай көтеру мен аяқтарын иықпен теңестіріп, бір-бірінен алшақ қою ұсынылады. Тінтуші тінтілуші адамның артында тұрады және жүйелі түрде жоғарыдан бастап төмен қарай тінту жүргізеді. Жекелеген жағдайларда, тінтуші нұсқауы бойынша ол қолдарымен қабырғаға тіреліп тұруға тиіс.

2. Үй-жайларды тінту және тұрғын үй аймақтары мен өндірістік объектілерді қарау

78. Үй-жайларды тінтулер мен тұрғын үй аймақтарын, өндірістік объектілерді қараулар бір мезгілде немесе секторлар бойынша ішінара жүргізілуі мүмкін. Бір мезгілде сотталғандарды да тінту арқылы тұрғын үй аймақтары мен өндірістік объектілердің барлық аумақтарында жүргізілетін тінту жалпы тінту болып т а б ы л а д ы .

Жалпы тінтулер жедел жағдайға байланысты оқтын-оқтын, бірақ аз дегенде б а й д а б і р р е т ө т к і з і л е д і .

Тұрғын үй және өндірістік аймақтардың аумақтары ай сайын қаралады.

Камералық үлгідегі үй-жайлардағы және қайта жер аудару пункттеріндегі тінтулер кемінде айына 4 рет жүргізіледі.

79. Жалпы тінтудің жоспарын колония бастығының орынбасары режимдік бөлімнің бастығымен бірлесе отырып әзірлейді, ол күзетті жүзеге асырушы бөлімшенің командирімен келіседі және оны колония бастығы немесе оның орнындағы адам бекітеді (31-қосымша). Жалпы тінтуді жүргізуге бақылаушылардан басқа бөлімшенің барлық аттестацияланған жеке құрамы тартылады.

80. Жалпы тінтуді жүргізудің жоспарында:

- 1) тінтудің мақсаты мен оны жүргізу уақыты;
- 2) күш-құралдар есебі (тінту топтарының, залалсыздандыру топтарының саны мен құрамы, аға топтар, материалдық қамтамасыз ету);
- 3) тінту жүргізудің бір жүйелілігі;
- 4) сотталғандарды жеке тінтуді жүргізу мен оларды тінту аяқталғанға дейін ж и н а у о р ы н д а р ы ;
- 5) алынып қойылған заттарды сақтау орындары;
- 6) тінтуге тартылатын жеке құрамға нұсқау беру мен міндеттер қою уақыты;
- 7) тінту жетекшісі көзделеді.

81. Секторлар бойынша тінту ТК бастығының режим жөніндегі орынбасарының тікелей басшылық жасауымен қадағалау жоспарына сәйкес жүргізіледі. Бұл тінтуге бақылаушылардан басқа міндетті түрде тінтілетін үй-жайлар мен ішкі тыйым салынған аймақтар, аумақтар бекітіліп берілген цех бастықтары және басқа да объектілердің жетекшілері қатысады.

Сектордағы тінту мынадай тәртіпте жүргізіледі:

- 1) бірінші кезекте тұрғын үй-жайлары тінтіледі. Тінту сотталғандар болмағанда үй-жай бойынша тәуліктік кезекшінің және отряд бастығының қатысуымен жүргізіледі. Үй-жайлардағы тумбочкалар, кереуеттер, төсекорындар

тексеріледі. Пышақтарды, ақша мен басқа да тыйым салынған заттарды тауып алу мақсатында матрацтар мен жастықтар мұқият тексеріледі. Құпия орындарды, жасырын тесіктерді тауып алу мақсатында қабырғалар, еден, терезелер мен төбе тексеріледі. Қажет болғанда еден мен қабырғалар қағып тексеріледі. Тұрғын үй ғимаратында орналасқан барлық қосалқы үй-жайлар (қол жуғыштар, жеке заттарды сақтау бөлмелері, отряд бастығының кабинеті және тағы басқалары) міндетті түрде ондағы мүліктердің орнын ауыстыру арқылы тексеріледі. Бұл үй-жайда болуы керек емес артық күнделікті киім, аяқ киім мен басқа да заттар тексеріліп, отряд бастығының кабинетінде немесе басқа үй-жайда жинақталады. Тыйым салынған заттарды тауып алу мақсатында кітаптар, журналдар, альбомдар мен басқа да әдебиеттер мұқият тексеріледі;

2) әкімшілік және тұрмыстық үй-жайларды (әкімшіліктің жұмыс істеуіне арналған үй-жайлар, санитарлық бөлім, клуб-асхана, монша, шаштараз, киім кептіру орны, етік және іс тігу шеберханалары және т.б.) тінту кезінде қазба орындарының, жасырын тесіктер мен астыртын жерлердің болуы, тыйым салынған заттар мен құпия орындардың сақталуы мүмкін болатын жерлер мұқият тексеріледі. Олардың үй-жайларда болуы керек емес ескерілмеген аспаптар, баспалдақтар, траптар мен басқа заттар алынып қойылады. Бұл үй-жайлардағы жиһаздар тексеріліп, орны ауыстырылады;

3) жертөлелер мен шатырларда тыйым салынған заттарды сақтауға арналған құпия орындарды, сондай-ақ оларды сотталғандар қашып кету үшін және басқа да қылмыстар жасау үшін пайдалануы мүмкін заттарды тауып алуға назар аударылады. Негізгі қоршаудан 50 метрлік жолақта орналасқан ғимараттардың жертөлелері (астыртын орындары) қазба орындарын тауып алу мақсатында әсіресе мұқият тексеріледі. Жертөленің қабырғалары, едені мен барлық аумағы жарық беру құралдарының көмегімен тексеріледі. Ондағы заттардың орындары ауыстырылады, ал тыйым салынған аймақ жаққа қараған қабырғалар қағып тексеріледі. Қазылған жер бетінің бүркемеленуі мүмкін болатын орындар мұқият тексеріледі ;

4) сектор аумағын қарау кезінде жер асты құрылыстары мен коммуникацияларына, қазба орындарының жабдықталуы мүмкін болатын жерлерге назар аударылады. Жер асты коммуникацияларының бөгеу құрылғыларын мықтаудың орнықтылығы мұқият тексеріледі. Жер асты құрылыстары мен коммуникацияларына енгізілген қазба орындары мен жасырын тесіктерді анықтау мақсатында жазғы эстрада, дәретханалар мен басқа да үй-жайлар тексеріледі. Тауып алынған ағаштар, тастар, металл және басқа да заттар тұрғын үй аймағынан дереу алынып тасталуы тиіс.

82. Камералық үлгідегі үй-жайдағы және айыптылық оқшаулау орнындағы тінту кезінде әрбір камерадағы қабырғалар қағып тексеріледі, құпия орындардың

бар-жоғы тексеріледі. Қазба орындарын жасау үшін астыртын жерлерге шығарушы шеберлікпен бүркемеленген жасырын орындарды, пышақтар мен басқа тыйым салынған заттарды тауып алу мақсатында нарлар мен еден тексеріледі. Ішкі және сыртқы жақтарынан терезе торларын мықтаудың орнықтылығы, есіктер мен құлыптардың ақаусыз болуы тексеріледі. Камераларда болатын сотталғандар толық жеке тінтіледі, ал олардың заттары - тексеріледі.

83. Ірі өндіріс объектілеріндегі, құрылыс алаңдарындағы секторларды қарау кезінде сотталғандардың жабдықтауы мүмкін болатын ағаш материалдары штабельдеріндегі, котловандардағы, траншеялардағы және басқа да жерлердегі қазба орындарына немесе жасырылатын жерлерге назар аударылады. Электр берудің әуе желілерінің тіреулері мұқият тексеріледі және оларды қашып кету үшін пайдалануды болдырмау шаралары қолданылады.

Тыйым салынған заттарды, әсіресе суық және атыс қаруларын сақтауға арналған құпия орындарды тауып алу мақсатында өндіріс цехтарындағы станоктар, шығарылған детальдар мен әзірлемелерді сақтау орындары, шаюға арналған сұйықтар мен майлар құйылған кең ыдыстар, аспаптар қойылатын орындар, дайын өнімдер сақталатын қоймалар және басқа да үй-жайлар мұқият тексеріледі.

Уақытша және қысқа мерзімді өндіріс объектілерін бақылаушы, ТК әкімшілігінің объектідегі өкілі немесе қарауыл бастығы ол жерлерге сотталғандарды кіргізер алдында тексеруі тиіс.

84. Камералық үлгідегі үй-жайдағы және айыптылық оқшаулау орнындағы техникалық қараулары әрбір камерадағы қабырғалар қағып тексеріледі, құпия орындардың бар-жоғы тексеріледі. Қазба орындарын жасау үшін астыртын жерлерге шығарушы шеберлікпен бүркемеленген жасырын орындарды, тыйым салынған заттарды тауып алу мақсатында нарлар мен еден тексеріледі. Ішкі және сыртқы жақтарынан терезе торларын мықтаудың орнықтылығы және бүтіндігі, есіктер мен құлыптардың ақаусыз болуы тексерілуі туралы акт жасалады.

Ескерту: 84-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327 бұйрығымен.

85. Тінту нәтижелері акті бойынша ресімделеді (30-қосымша) Актіде:
1) датасы, объектінің (сектордың) атауы және тінту жүргізудің мақсаты;
2) тінтуге қатысушы адамдар;
3) алынып қойылған тыйым салынған заттардың тізбесі (саны, салмағы, олардың табылған орындары).

Сотталғандардан алынған сатуға және пайдалануға тыйым салынған бұйымдар, заттар және азық-түліктер қоймаға сақталуға жіберіледі не соттың шешімі бойынша жойылады.

Тінту жүргізуге қатысушылар барлық жағдайларда жеке қауіпсіздік шараларын сақтауы тиіс.

Жалпы тінту аяқталған соң, сотталғандар тарапынан өтініштер мен арыздар түскен жағдайда ТМ бастығы оларды тіркеуге және 3 тәулік мерзімде қарауға міндетті.

Ескерту: 85-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004.05.27. N 155, 2007.12.05. N 327 Бұйрықтарымен.

5 ТАРАУ. КОЛОНИЯ-ҚОНЫСТАРДА СОТТАЛҒАНДАРДЫ ҰСТАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

86. Колония-қоныс елді-мекен аумағында орналасқан болса, оның үй-жайы (25-қосымша) бақылау-өткізу пункті бар дуалмен қоршалады. Қарулы күзет қойылмайды. Бір колония-қоныста сотталған ерлер де, сотталған әйелдер де ұсталуы мүмкін. Бірігіп қылмыс жасаған қылмыскерлер, әдетте, бас бостандығынан айыру мерзімдерін бөлек-бөлек өтейді.

Ескерту: 86-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 128 бұйрығымен.

87. Түзеу колония-қоныстарында жатақханалар, кезекші мен кезекші қызметке арналған үй-жайлар, асхана, дүкен, стационарлы амбулатория, техникалық бөлмелер, кітапхана, мәдени шараларды өткізуге, сотталғандардың жеке заттарын сақтауға арналған үй-жайлар, кір жуатын бөлмесі мен дезинфекцияланған камерасы бар монша, айыптық оқшаулау орны, кездесуге келген адамдарға арналған үй-жай жабдықталады.

Қоныс-колониясына іргелес аумақтардың шекаралары қоныс-колониясы бастығының бұйрығымен сотталғандар орындайтын жұмыстардың сипаты ескеріліп белгіленеді.

Колония-қоныстарда жазасын өтеп жүрген адамдарға белгілі бір шектеулер қойылады.

О л а р ғ а :

- 1) колония-қоныс аумағынан өз бетінше кетіп қалуға;
- 2) атыс және суық қару сатып алуға және сақтауға, сондай-ақ оларды қолдануға;
- 3) жарылғыш, улы және өрт қаупі бар заттарды сатып алуға және сақтауға;
- 4) жеке автокөлік сатып алуға және пайдалануға;
- 5) әскери нысандағы киім киюге;
- 6) құмар ойындар ойнауға;
- 7) алкогольдік ішімдіктердің барлық түрін сатып алуға және ішуге;
- 8) есірткі заттарды сатып алуға және қолдануға;

9) қоныс-колониялары аумағында ұялы байланыс құралын пайдалануға және сақтауға тыйым салынады.

Қажет болған жағдайда колония-қоныстың әкімшілігі сотталғандарға тінту, сондай-ақ олардың жеке заттарына тексеру жүргізуі мүмкін.

Әкімшілік ай сайын кемінде бір рет колония-қоныс аумағына және барлық үй-жайларға тінту жүргізеді.

Ескерту: 87-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004.08.24 . N 240, 2007.12.05. N 327, 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

88. Колония-қоныстарда ұстау режимінің талаптарын бұзғаны үшін сотталғандарға Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексімен көзделген барлық жазалау түрлері қолданылуы мүмкін. Айыптылық оқшаулау орнында жазасын өткеру кезінде сотталған адам посылкалар, бандерольдер, сәлемдемелер алу, кездесу құқынан айырылады. Колония-қоныстағы камера түріндегі үй-жай жабдықталмайды.

89. Колония-қоныстардағы сотталғандарды қадағалау Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасы және осы Нұсқаулықтың талаптарына сай ұйымдастырылады.

90. Қадағалау жүйесі колония-қоныстың орналасқан жері мен шекараларын есепке ала отырып орнатылады. Колония-қоныс аумағында қоныста ұсталушы сотталғандарды қадағалауды мекемедегі кезекші ауысымының күштері мен бақылаушылар жүзеге асырады. Әкімшілік ғимараттарды, өрт сөндіру деполарын , жөндеу шеберханаларын, тұрғын және қойма үй-жайларын, сондай-ақ айыптық оқшаулар орындарын күзетуге ерекше назар аударылады.

91. Сотталғандар колония-қоныстан тыс ұсталған жағдайда, сотталғандарды бақылау ТМ әкімшілігінің күшімен жүзеге асырылады.

92. Колония-қоныс аумағы мен оған жақын жерлерде сотталғандарды қадағалау бойынша қызмет өткеруді патрульдеу әдісімен қадағалаушы бақылаушылар жүзеге асырады.

6-ТАРАУ. ТМ бастығының кезекші көмекшісінің қызметін ұйымдастыру

Ескерту: Тараудың атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 128 бұйрығымен.

9 3 - 9 9 . < * >

Ескерту: 93-99-тармақтар алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 128 бұйрығымен.

1. Колония бастығының кезекші көмекшісі

100. Кезекші болып төтенше жағдайлар болған кезде өз бетімен шешім қабылдай алатын неғұрлым тәжірибесі мол және дайындалған қызметкерлер тағайындалады.

101. Колония бастығының кезекші көмекшісі (КБКК) барлық ауысымның бастығы болып табылады және тікелей мекеме бастығы мен оның орынбасарларына бағынады, олар болмаған кезде колониядағы бекітілген ішкі тәртіпті қалыпты жағдайда ұстауға толық жауапты болады.

Әрбір кезекші ауысымға тұрақты номер (бірінші ауысым, екінші ауысым және т.б.) беріледі. Ауысым құрамы, әдетте, тұрақты болуы керек. Ауысымға бақылаушылар мекеме бастығының бұйрығымен тағайындалады. Бақылаушыларды бір ауысымнан екінші ауысымға ауыстыру тек өте қажет болған жағдайларда ғана жүргізіледі. КБКК мекемені күзету жөніндегі сыртқы күзет орындарында қызмет өткеріп жүрген бақылаушылар құрамы, тексеру тобы құрамы және оператор үшін қарауыл бастығы арқылы тікелей жауап береді.

Қызмет атқару кезінде болған оқиғалары сондай-ақ жоспарланған шаралар және орындау туралы белгілері КБКК қызметтік құжатнамасында көрсетіледі, о н ы ң і ш і н д е :

- 1) Қа да ғ а л а у ж о с п а р ы ;
- 2) Арнайы құралдарды беру журналы (4-қосымша);
- 3) Сайман, баспалдақ беру есеп кітабі (5-қосымша);
- 4) Кезекті қабылдау-тапсыру журналы (8-қосымша);
- 5) Айқындалған бұзу туралы түскен рапорттарды тіркейтін жаза өтеу тәртібін бұзу туралы рапорттар есеп журналы (9-қосымша);
- 6) Ақша және бағалы заттар алудың барлық жағдайлары тіркелетін, сондай-ақ қабылданған шешім туралы белгі жасалатын есеп журналы (10-қосымша);
- 7) Айдауылсыз жүру құқығы бар немесе жеңілдеткен жағдайда ұсталатын сотталғандардың суреті мен болжам мәліметтері бар альбомы (11-қосымша);
- 8) Жедел-тәртіп аппарат қызметкерлерімен КБКК үшін арнайы контингент тарабынан мүмкіндік теріс әрекеттер туралы мәліметтер көрсетілетін мәлімет е с е п ж у р н а л ы (1 2 - қ о с ы м ш а) ;
- 9) Емханаларда, демалыстарда, қысқа мерзімді шығуларда жүрген сотталғандар есебі журналы (32-қосымша);
- 10) Түзеу мекемелері әкімшілігінің қызметіндегі жетіспеушіліктер туралы ескертпелер және ұсыныстар кітабы (36-қосымша);
- 11) Түзеу мекемелері әкімшілігінің төтенше жағдайлар кезіндегі қимыл ж о с п а р ы н а н ү з і н д і л е р ;
- 12) Түзеу мекемелері қызметкерлерінің арнайы құралдар қолданғаны туралы

актілердің есебі журналы (42-қосымша).

Ескерту: 101-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 155 бұйрығымен.

2 . < * >

Ескерту: 6-тараудың 2 параграфы (102-104-тармақтар) алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 128 бұйрығымен.

3. Қауіпсіздік шаралары

105. Сотталғандарды денсаулық сақтау органдарының емдеу-алдын алу мекемелеріне айдауылдау, сондай-ақ оларға қадағалауды жүзеге асыру кезінде, сотталғандар шабуыл немесе ТМ қызметкерлерінің не басқа адамдардың өміріне тікелей қауіп тудырған өзге де қасақана әрекет жасаған жағдайда, егер аталған әрекетті басқа шаралармен жою мүмкін болмаса, ерекше шара ретінде қару қолдануға жол беріледі.

Қару "Тоқта" "Атамын!" деген ескерту дыбыс беру және жоғары атудан кейін қолданылады. Кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, мүгедектерге (мүгедектігінің нақты белгілерімен) қарсы қару қолдануға тыйым салынады.

Ескерту: 105-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 128 бұйрығымен.

106. Қару қолданылған әр жағдайлары туралы колония әкімшілігі прокурорға жедел уақытта хабарлауға міндетті.

7-ТАРАУ. ОҚИҒАЛАР ЖӘНЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕГІ ӘКІМШІЛІК ПЕН КЕЗЕКШІ АУЫСЫМНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

107. Колониядағы жағдайдың шиеленісуі сотталғандардың үлкен тобының қатысуымен болатын бұқаралық тәртіп бұзушылықтардан, топтық бағынбаулардан, қасақана өз-өзіне қандай да бір жарақат салу актілерінен, бұзақылық әрекеттерден, сотталғандардың қашуынан, жұмыс істеу мен тамақтанудан бас тартудан, түзеу колониясының әкімшілігі мен басқа адамдарға шабуыл жасаудан, кепілге кісі алудан, ауыр зардапты табиғи апаттардан, өрттерден және апаттардан болуы мүмкін. Жағдай шиеленіскен кезде (оқиғалар мен төтенше жағдайлар кезінде) колония қызметкерлерінің іс-әрекеттері төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттер жоспарымен анықталады.

Төтенше оқиғалардың барлық фактілері туралы ТМ әкімшілігі ҚАЖК ҚАЖД кезекшісіне, сондай-ақ мамандандырылған прокурорға шұғыл түрде хабарлайды.

Ескерту: 107-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327, 2010.02.25 N 66 Бұйрықтарымен.

108. Түзеу колониясы қызметкерлерін оқиғалар мен төтенше жағдайлар кезінде іс-әрекеттер жасауға оқыту әскери және қызметтік дайындық жүйесінде жүргізіледі.

109. Сотталғандарды қадағалауды жүзеге асыру бойынша күшейтілген вариант мынадай жағдайларда:

1) сотталғандар топтасып бағынбаған, топтасып қасақана өз-өзіне қандай да бір жарақат салу актісі, бұқаралық тәртіпсіздіктер жасаған және кепілге кісі алған жағдайда;

2) сотталғандар қашуға дайындалып жатқаны немесе қашқаны туралы деректер алғанда, сондай-ақ түзеу колониясы әкімшілігінің, түзеу колониясын күзету жөніндегі қарауылдардың өкілдеріне және басқа адамдарға шабуыл жасаған жағдайда;

3) колонияда немесе оған жақын жерде өрт, жарылыстар, апаттар, табиғи апаттар, жағдайдың шұғыл шиеленісуіне әкеліп соғатын топтасып жасалған қоғамдық тәртіп бұзушылықтар болған кезде;

4) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 80-бабына сәйкес колонияға ерекше жағдайлар режимін енгізген кезде;

5) Әділет министрлігі, ҚАЖ Комитетінің, ПББ, ПБ, ҚАЖ басқармасын түзеу колониясы басшылығының ұйғарымы бойынша.

Ескерту: 109-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327, 2010.02.25 N 66 Бұйрықтарымен.

110. Күшейтілген вариант бойынша қызмет өткерудің жүйесі мен тәсілдері қадағалау жоспарында қарастырылады.

111. Ерекше жағдайлар режимі отыз тәулік мерзімге дейін Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісілген Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі шешімі бойынша енгізіледі. Ерекше жағдайларда ерекше жағдайлар режимі Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігін хабардар ету арқылы қолданылатын уақыты Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 80-бабымен анықталған тәртіпте қосымша отыз тәулікке ұзартылуы мүмкін.

Ескерту: 111-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.02.25 N 66 Бұйрығымен.

112. Күшейтілген вариант бойынша ерекше жағдайлар режимі кезінде қадағалау Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 80-бабына сәйкес ұйымдастырылады.

Күшейтілген вариант кезінде:

- 1) кезекші ауысымдар жеке құрамының санын көбейту;
- 2) профилактикалық есепте тұрған адамдармен құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жедел-іздістіру жұмысын жандандыру;

3) тұрғын және өндіріс аймақтарына (объектілеріне), камералық үлгідегі үй-жайларға, айыптылық оқшаулау орындарына, жалғыз адамдық камераларға тыйым салынған заттарды алып қою және қашуға және басқа да құқық бұзушылықтарға дайындықтарды анықтау мақсатында мұқият тінту жүргізу;

4) төтенше жағдайлар қалыптасқан жағдайда жеке құрамның дайындығын арттыру жөніндегі іс-шараларды нақтылау;

5) жедел жағдайды қалыпқа келтіруде көмек көрсету үшін ҚАЖ басқармасынан келген жедел топтарды пайдалану;

6) жеке құрамның қырағылығын арттыру жөніндегі іс-шаралар жүргізу;

7) колония объектілеріндегі жағдайды үздіксіз қадағалап отыру және оның өзгеруіне дер кезінде қимыл көрсету;

8) режимдік талаптар белгіленген колонияға жалғасып жатқан аумақта п а т р у л ь д е у д і к ү ш е й т у ;

9) өртке қарсы қолданылатын құралдардың бар-жоғын тексеру және түзеу колонияларының қарауындағы өрт қызметі құрамының жағдайын жоғары д а й ы н д ы қ қ а к е л т і р у ;

10) колониядағы бөлімдер, қызметтер және кезекші ауысымдар жұмыстарын бақылауды күшейту қажет.

113. Қажет болған жағдайда ҚАЖ басқармасы бастығының шешімімен түзеу колонияларындағы күшейтілген қадағалау кезінде колония бастықтарына тәжірибелік көмек көрсету үшін басқармалық аппарат қызметкерлері іссапарға жіберіледі. Жекелеген жағдайларда, жағдайға қарай, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі ҚАЖ комитеті төрағасының, ПББ, ПБ, ҚАЖ басқармасы бастығының бұйрығымен басшы құрамның бір бөлігі қазармалық жағдайға ауысуы мүмкін.

1. Сотталғандар бағынбаған кездегі жасалатын іс-қимылдар

114. Сотталғандар тарапынан топтасып бағынбау, қасақана өз-өзіне қандай да бір жарақат салу немесе бұқаралық бұзақылық әрекеттер болған кезде түзеу колониясының қызметкерлері дереу бұл туралы КБКК-ге баяндайды және құқық бұзушылықтардың бастапқы кезеңінде оған басқа сотталғандардың тартылуына және топтасып бағынбаудың, қасақана өз-өзіне қандай да бір жарақат салудың жаппай тәртіпсіздіктерге ұласуына тосқауыл қоя отырып, олардың жолын кесу үшін бірлесіп шаралар қолданады. Мұндай жағдайда түзеу колониясының бастығы төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттер жоспарына сәйкес қолда бар күштер мен құралдарды, сондай-ақ арнайы құралдармен қаруланған түзеу колониясы қызметкерлерінің есебінен резервтерді, қызметтік иттері бар

мамандарды, өрт сөндіру машиналарын және басқа да қажетті техниканы дайындайды.

Ескерту: 114-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327, 2010.02.25 N 66 Бұйрықтарымен.

115. Сотталғандардың топтасып бағынбауы, қасақана өз-өзіне қандай да бір жарақат салуы және жаппай тәртіпсіздіктері кезінде колония бастығының кезекші көмекшісі:

1) оқиға туралы дереу ТМ бастығына, ҚАЖК ҚАЖД кезекшісіне баяндайды, қарауыл бастығына хабарлайды, ТМ бастығының немесе оны алмастырушы адамның рұқсатымен аумақтық ішкі істер органының кезекшісіне хабарлайды;

2) хабарлау схемасына сәйкес дабыл бойынша басшы құрамның жиналуын хабарлайды;

3) колония аумағындағы басшы құрамның барлық күштерін тарта отырып, сотталғандардың мінез-құлқына қадағалауды күшейтуді қамтамасыз етеді;

4) сотталғандардың тұрғын, өндірістік және оқшауланған аймақтар арасындағы қозғалысын тоқтатады; егер бағынбаушылық, қасақана өз-өзіне қандай да бір жарақат салу оқшауланған учаскелердің бірінде болса, қақтығысты тоқтату үшін шаралар қолданады;

5) көлік құралдарын, өрт қауіпсіздігі жағдайын бақылауды қамтамасыз етеді және қажетті объектілерді тоқтан ажыратады;

6) оқиға болған жердегі жағдайға баға береді, оның күрделенуіне әсер ететін себептер мен шарттарды жою үшін және мүмкіндігінше сотталғандардың заңды талаптарын қанағаттандыру үшін шаралар қолданады;

7) қызметкерлердің, сотталғандар мен басқа да адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шаралар қолданады;

8) әкімшілік өкілдерінің және өздерін жақсы жағынан көрсеткен сотталғандар арасынан камералық үлгідегі үй-жайларға, айыптылық оқшаулау орындарына, штабқа, медициналық бөлімге, асханаға және материалдық құндылықтар бар түзеу колониясының басқа да объектілеріне кіретін жерлерді күзету жөніндегі нарядтар жасақтайды;

9) жағдай тез шиеленіскен жағдайда қызметтік құжаттаманы сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қолданады және қажет кезінде оны колония аумағынан тыс жерде орналасқан қарауылдық үй-жайға немесе әкімшілік ғимаратқа көшіреді;

10) қарамағындағы өртке қарсы қызмет жеке құрамы мен өрт техникасының әскери даярлық жағдайына келтіру туралы тапсырма береді;

11) зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырады;

12) колония бастығы, оның орынбасары келгенде олардың тапсырмасы бойынша әрекет жасайды.

Ескерту: 115-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327, 2010.02.25 N 66 Бұйрықтарымен.

116. Колония бастығы оқиға болған жерге келіп, оған баға берген соң, ҚАЖ басқармасының бастығына оқиға туралы баяндайды, сотталғандардан құқыққа қарсы әрекеттерді тоқтатуды талап етеді (радио арқылы немесе өзге тәсілмен) және топтасып бағынбаушылықтың жаппай тәртіпсіздікке ұласуына жол бермеу үшін шаралар қолданады. Колония қызметкерлерінің күшімен бағынбаушылық болған оқшауланған учаскенің жайылмауын қамтамасыз етеді. Егер жекелеген сотталғандар осы талапты орындамай, құқыққа қарсы әрекет жасауды жалғастырса, колония бастығы мұндай әрекеттердің жолын кесу үшін объектіге колония қызметкерлерін енгізу арқылы шаралар қолданады, объектіге енгізілген топ басшыларына өзі тапсырмалар береді, олардың іс-әрекеттеріне басшылық жасайды. Сонымен қатар кезекші ауысымға қызметтік иттері бар мамандар бар. Сотталғандар бағынбаушылығының жолын кесу кезінде бас жедел бастықтың шешімі бойынша заңмен қарастырылған қауіпсіздік шаралары қолданады. Қалыптасқан жағдай және өздерінің іс-әрекеттері туралы түзеу колониясының бастығы тікелей бастығына баяндайды.

117. Колония қызметкерлері сотталғандарды бытыратып орналастыру жөніндегі шаралар қолданады, заттарды алып қоюды және бағынбаушылықтарды (бұзақылық әрекеттерді) ұйымдастырушылар мен белсенді мүшелерін оқшаулауды қамтамасыз етеді.

118. Жоғарыда көрсетілген шаралар нәтижесіз болып, сотталғандардың әрекеттері жаппай тәртіпсіздіктерге ұласқан жағдайда, бас жедел бастықтың шешімі бойынша арнайы операция жүргізеді.

2. Сотталған адамдарды кепілдікке алған кездегі іс-қимылдар

119. Адамдар кепілдікке алынғаны туралы хабарлама түскен кезде КБКК:

1) кезекші ауысым құрамындағы адамдар тобын дереу адамдарды кепілдікке алудың жолын кесу үшін жібереді, онан соң бұл туралы колония бастығына, ҚАЖ басқармасының, ҚАЖ комитетінің кезекшілеріне баяндайды, объектіні күзету жөніндегі қарауыл бастығына хабарлайды;

2) хабарлау схемасына сәйкес дабыл бойынша колония басшы құрамының ж и н а л у ы н ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

3) қолда бар күштермен оқиға болған жерді қоршап алады, қылмыскерлердің мінез-құлқын бақылауды ұйымдастырады, арнайы контингенттің санын білу және адамдарды кепілдікке алған адамдарды анықтау мақсатында тегі бойынша т е к с е р у ж ү р г і з е д і ;

4) жағдайды анықтаған соң қылмыскерлермен келіссөз жүргізеді, олардың талаптарын нақтылайды, олардың ішінен заңдыларын қанағаттандырады және құқыққа қарсы әрекеттерді тоқтатуды өтінеді;

5) бұл шаралар оң нәтиже бермесе, келіссөз жүргізуді жалғастырады;

6) Колония басшылығы келгеннен кейін олардың тапсырмасы бойынша әрекет жасайды.

120. Жағдайға баға берген соң түзеу колониясының бастығы:

1) бұл туралы өзінің аға бастығы мен прокурорға баяндауға;

2) адамдарды кепілдікке алған сотталғандармен келіссөздер жүргізуге және оларды сабырлықпен, шыдамдылықпен және ұстамдылықпен жүргізуге;

3) сотталғандарға олардың құқық бұзушылық әрекеттері үшін жауап беретіндіктерін және салдарын түсіндіруге, олардың қылмыстық пиғылдарынан мақсатқа сай бас тартуға көздерін жеткізуге;

4) сотталғандарда қарудың бар-жоғын нақтылауға;

5) өзінің орынбасарларына кепілдікке алынған адамдарды күш, арнайы құралдар мен қару қолдану арқылы босату жөніндегі әрекеттер жасаған жағдайда күштер мен құралдардың дайын болуы туралы тапсырма беруге міндетті.

121. Түзеу колониясы бастығының кепілдікке алынған адамдарды босату жөніндегі әрекеттері нәтижесіз болған кезде бас жедел бастықтың шешімі бойынша арнайы операция жүргізіледі.

3. Түзеу колониясында кісі өлтіру немесе денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру қылмыстары жасалған кездегі іс-қимылдар

122. Адам өлтіру (мәйіттің табылғаны), денсаулыққа қасақана ауыр зиян тигізгені туралы хабарлама келіп түскен кезде КБҚК кезекші ауысымға және колониядағы қызметкерлерге сотталғандардың мінез-құлқын қадағалауды күшейту туралы тапсырма береді. Онан кейін:

1) оқиға болған жерге келеді және қажет болған жағдайда айғақтардың сақталуын қамтамасыз ете отырып, жәбірленушіге медициналық көмектің көрсетілуін немесе оны медициналық бөлімге жіберілуін ұйымдастырады, оқиға болған жерді күзетуді ұйымдастырады;

2) дабыл бойынша медициналық және жедел қызметкерлерді шақырады, болған оқиға туралы түзеу колониясының бастығына, орынбасарларына баяндайды, ҚАЖ басқармасының, ҚАЖ комитетінің кезекшілеріне және қарауыл б а с т ы ғ ы н а х а б а р л а й д ы ;

3) кінәлілерді ұстау, оқиға куәгерлерін анықтау, заттай айғақтардың сақталуы ү ш і н ш а р а л а р қ о л д а н а д ы ;

4) қылмыс жасады деген күдіктілерді жеке камераларға оқшаулайды, сонымен қатар олардың өзара және камералық үлгідегі үй-жайлардағы, айыптылық оқшаулау орындарындағы, жалғыз адамға арналған камерадағы адамдармен сөйлесу мүмкіндігін болдырмайды;

5) оқиға болған жерге жедел қызметкер келгеннен кейін оған болған оқиға туралы және қылмыс фактісі бойынша жасалған алғашқы әрекеттер туралы егжей-тегжейлі хабарлайды. Колония бастығы келгеннен кейін қолданылған шаралар туралы баяндайды және оның тапсырмасы бойынша әрекет жасайды.

4. Сотталған адам қашқан кездегі іс-қимылдар

123. Күзетілетін объектіден сотталған адамның қашқаны немесе қашу белгілері табылғандығы туралы деректер (бақылау-із жолағындағы іздер, күзет дыбыстық белгі берудің бұзылуы, қоршаудың бұзылуы, қазылған жер, тексеру кезінде сотталғанның болмауы) алған колония қызметкерлері бұл туралы дереу колония бастығының кезекші көмекшісіне хабарлайды.

124. КБКК қашу туралы дабыл келіп түскен кезде:

1) дереу қарауыл бастығына хабарлайды және онымен бірге ізге түсуді ұйымдастырады, сонан кейін болған оқиға туралы колония бастығына, ҚАЖ басқармасының, ҚАЖ Комитетінің кезекшілеріне баяндайды, режим жөніндегі түзеу колониясы бастығының орынбасарына, түзеу колониясы жедел бөлімінің б а с т ы ғ ы н а х а б а р л а й д ы ;

2) колония бастығының тапсырмасы бойынша хабарлау схемасына сәйкес дабыл бойынша басшы құрамға жиналуды хабарлайды;

3) қашу орны мен іздерін күзетуді қамтамасыз етеді;

4) қашқан адамды анықтау мақсатында сотталғандарды тегі бойынша т е к с е р у д і ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

5) көлік құралдарын даярлық қалпына келтіру туралы тапсырма береді;

6) қашқан адамды ұстау үшін шаралар (оның қозғалыс бағыттарының неғұрлым мүмкін болатын бағыттарына тосқауыл қою үшін жедел топтарды ж і б е р е д і) қ о л д а н а д ы ;

7) қашқан сотталғанды анықтаған соң арнайы бөлімнің қызметкерлеріне оның жеке ісі бойынша анықтау деректерін дайындау туралы тапсырма береді, оның жұмыс істейтін және ұйықтайтын орындарына мұқият тінтуді, барлық жеке заттары мен жазысқан хаттарын алып қоюды, сондай-ақ жоқ сотталғанды білетін адамдарды анықтау және олардан жауап алуды ұйымдастырады;

8) қашқан сотталғанның соңғы рет қашан және кімдермен кездескені, оның кімнен сәлемдемелер, посылкалар, бандерольдер алғаны және оның байланыстары нақтыланады, әскери бөлімшенің командиріне хабарлайды.

Күзет шегінен шыққандығының көзге көрінетін ізі болмаған кезде тығылуы мүмкін жерлерге, жерасты ғимараттары мен коммуникацияларына мұқият тексеру жүргізеді. Сонымен бірге колония аумағынан қашан, қайда және қандай көлік құралдары шыққанын анықтайды, жоқ сотталғанмен бірге жұмыс істеген адамдардан сұрайды. Колония бастығы, оның орынбасары келгеннен кейін қолданылған шаралар туралы баяндайды және олардың тапсырмасы бойынша әрекет жасайды.

125. Колония бастығы төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттер жоспарына және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі түзеу колонияларында ұсталатын адамдарды қадағалау мен күзетуді ұйымдастыру ережесінің талаптарына және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі басқа да нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес қашқан сотталғандарды іздестіруді ұйымдастырады.

5. Сотталғандардан есірткі заттар табылған кездегі жасалатын іс-қимылдар

126. Сотталған адамнан сыртқы түрі есірткі затқа (өсімдік немесе синтетикалық жолмен жасалған) ұқсайтын зат табылған немесе сотталғандардың бірінде осындай заттардың бар екендігі туралы ақпарат алынған кезде КБКК кезекші ауысым адамдарымен бірге мұқият тінту жүргізеді және сотталғанды және онымен бірге болған адамдарды КБКК бөлмесіне немесе бақылау-өткізу п у н к т і н е ж е т к і з е д і .

Есірткі зат тек басқа адамдардың (куәлердің) қатысуымен алынып қойылады және алып қою фактісі бойынша акт жасалады, оған КБКК, қадағалау жөніндегі бақылаушы, сонымен қатар әкімшіліктің басқа да өкілдері қол қояды. Алынып қойылған зат пакетке салынады, оны алып қоюға қатысқан адамдардың көзінше мөрленеді, олар пакетке қолдарын қояды және алып қою фактісі бойынша не белгілі екені туралы жазбаша нысанда түсініктеме береді. Сотталғанның ұйықтайтын және жұмыс істейтін жеріне мұқият тінту жүргізіледі, оның жеке заттары, жазысқан хаттары алынып қойылады, олар кезекшінің үй-жайына жеткізіледі, ал сотталған жеке камераға оқшауланады. Тергеу жүргізу үшін жедел бөлімнің қызметкері шақырылады, оған осы факт бойынша жасалған жұмыстар туралы егжей-тегжейлі хабарлама жасалады. Оған алынып қойылған зат пен жинақталған материалдар алып қою туралы кесімнің көшірмесіне қол қойғаннан кейін беріледі.

6. Өрт немесе табиғи апат кезіндегі іс-қимылдар

127. Тұрғын немесе өндірістік аймақта өрт шыққан кезде колония қызметкерлері өрт туралы дереу КБКК-ге, қарамағындағы өрт қызметі бөлімшесіне хабарлайды және қолда бар күштермен және құралдармен оны сөндіру үшін шаралар қолданады. Сонымен қатар олар қашу немесе басқа қылмыстар жасау мүмкіндігін болдырмау үшін сотталғандарды қадағалайды, сонымен қатар олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шаралар қолданады.

128. Өрт туралы хабарлама алған соң КБКК:

1) мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумақтық бөлімшелерін шақырады, объектіні күзету жөніндегі қарауыл бастығына хабарлайды және қажет болған жағдайда қосымша күштер шақырады;

2) болған оқиға туралы колония бастығына баяндайды;

3) хабарлау схемасына сәйкес дабыл бойынша колония жеке құрамының жиналуын хабарлайды;

4) түзеу колониясының барлық жеке құрамы мен сотталғандарды тарта отырып, сонымен бірге сыртқы күзетті нығайту (күшейту) жөніндегі шараларды қолданып, өрт сөндіру жоспарына сәйкес өрт сөндіруді ұйымдастырады;

5) адамдардың өмірі үшін қауіп төнген жағдайда қолда бар барлық күштер мен құралдарды пайдалана отырып, оларды дереу эвакуациялауды қамтамасыз етеді;

6) жағдайды анықтау және шешімдер қабылдау мақсатында: өрт болып жатқан аудандағы адамдардың тұрған жерлерді, оларды құтқару жолдарын; өрт болып жатқан жер мен көлемін, жану материалын, оттың таралу жолдарын; жарылыс, улану, құрылыстар мен ғимараттардың құлау қаупі бар ма, өрт ошағында тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтардың, сондай-ақ кернеуде жұмыс істейтін электр қондырғылары мен электр желілерінің бар-жоғын; мүлік пен материалдарды эвакуациялаудың, оларды оттан, түтіннен және судан қорғаудың қажеттілігін анықтайды;

7) қажет болған кезде электр энергиясын сөндіруді (күзетілетін объект периметрін жарықтандырудан басқа), көлік құрылғыларын, өндірістік құрал-жабдықтарды тоқтатуды қамтамасыз етеді, шикізат, газдық, және басқа да өрт қауіпті коммуникацияларды тоқтатады, түтін сору жүйесін іске қосады және өрт таралуының жолын кесу үшін басқа да іс-шараларды жүзеге асырады, апаттық газ, медициналық және басқа да қызметтерді шақырады;

8) сотталғандардың мінез-құлқын қадағалауды күшейтуді қамтамасыз етеді, қажет болған жағдайда дүкен, тағам блогы және басқа да материалдық құндылықтар, оның ішінде өрт болған жерден шығарылған құндылықтар маңында күзет орындарын қояды, көмекке ҚҚК (құқыққа қарсы кеңес) мүшелері мен сотталғандарды тартады;

9) күзетілетін объектілерге өрт автотехникасының тосқауылсыз өтуін

ұйымдастырады және өрт бөлімшелерін қарсы алып, ілесіп жүру үшін кіретін жолдар мен су көздерін жақсы білетін лауазымды адамдарды бөледі;

10) өрт күзеті бөлімшелері келгеннен кейін аға бастыққа өрт ошағы, оны сөндіру үшін қолданған шаралар, сондай-ақ үй-жайларда адамдардың бар-жоғы туралы хабарлайды; келген бөлімшелерге көмек көрсетуді ұйымдастырады;

11) өрт сөндірілгеннен кейін оның зардаптарын жою және күн тәртібіне сәйкес іс-шараларды жүргізу үшін шаралар қолданады. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің Мемлекеттік Өртке қарсы қызмет бөлімшелері колония аумағынан шыққан кезде олардың жеке құрамының, сондай-ақ өрт техникасы мен өрт-техникалық құрал-жабдықтарының бар-жоғын тексереді.

129. Табиғи апат кезінде колония қызметкерлері сотталғандардың, әсіресе қашуға бейім адамдардың мінез-құлқын бақылауды күшейтеді. Тәртіп сақтауға және мүлікті құтқаруға сотталғандардың өз еркімен жұмыс істейтін ұйымдарының мүшелері тартылады. Әкімшілік және кезекші ауысым өкілдері әрбір үй-жайға бекітіледі, КБКК, колония бастығының және оның орынбасарларының тапсырмаларына сәйкес ондағы сотталғандардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асырады.

130. Табиғи апатқа ұшыраған аудандарда орналасқан колонияларда тиісті іс-шаралар, оның ішінде сотталғандарды қадағалауды күшейту жөніндегі іс-шаралар алдын-ала анықталады. Әскери бөлімшелер командирлерімен бірге қажет болған жағдайда сотталғандарды апаратын қауіпсіз жерлер анықталады.

7. Сотталғандар уланғанда жасалатын іс-қимылдар

131. Сотталғандардың уланғаны туралы ақпарат келіп түскен кезде КБКК:

- 1) оқиға туралы колония бастығына, оның орынбасарына баяндайды;
- 2) дабыл бойынша медициналық және жедел қызметкерлерді шақырады және өзінің көмекшілерімен оқиға болған жерге келеді;
- 3) алдын ала жасалған болжамдар бойынша улану көзі болған тамақ өнімдерін немесе өзге заттарды алып қоюды, оқиға болған жерде күзетуді қамтамасыз етеді; егер улану асханада болса, тамақтану тоқтатылады, үй-жайдан барлық сотталғандарды шығарады, тамақтанған адамдардың саны мен тегін нақтылайды;
- 4) зардап шеккендерді медициналық бөлімге жеткізуді ұйымдастырады;
- 5) жедел жағдай шиеленіскен кезде жеке құрамның жиналуын хабарлайды;
- 6) кезекші ауысым адамдарына қызмет өткеретін күзет орындарында

сотталғандарды қадағалауды күшейтуге тапсырма береді;

7) колония бастығы, оның орынбасары келген кезде қолданылған шаралар туралы баяндайды, олардың тапсырмасы бойынша әрекет жасайды.

8. Сотталғандардың тамақ ішуден бас тарту жағдайында жасалатын іс-қимылдар

Ескерту: 7-тарау 8-ші бөлікпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2007.12.05. N 327 Бұйрығымен.

131-1. Сотталғандардың тамақ ішуден бас тарту фактісі анықталған кезде ТМ бастығының кезекші көмекшісі:

1) мұндай актіні жасаудың салдары мен себебін анықтайды;

2) сотталғандардың жеке тұлғасын, олардың санын, ұйымдастырушыларын анықтайды және оқиға туралы ТМ бастығына, оның орынбасарына баяндайды;

3) жедел, режим, медицина, тәрбие қызметтерінің қызметкерлерін, сондай-ақ психологтарды шақырып кері салдарды алдын-алу мақсатында сотталғандармен түсіндірме жұмыстарын жүргізеді;

4) тамақ ішуден бас тартқан адамдарды басқа сотталғандардан оқшаулауға және жеке ұстауға шаралар қабылдайды, тамақ ішуден бас тарту себептері туралы жазбаша өтініштер мен түсініктемелер алады;

5) сотталғандардың тамақ ішуден топтасып бас тартуларының ұйымдастырушыларын анықтаған жағдайда, оларды дереу оқшаулауға шаралар қолданады;

6) қызмет өткеру бекеттеріндегі кезекші ауысым құрамына сотталғандарды қадағалауды күшейту бойынша нұсқау береді;

7) жедел жағдай шиеленіскен кезде жеке құрамның дабыл бойынша жиналуын хабарлайды;

8) ТМ бастығы, оның орынбасары келгенде, қабылданған шаралар бойынша баяндап, олардың тапсырмасы бойынша әрекет жасайды.

131-2. ТМ бастығы оқиға болған жерге келіп және оған баға берген соң, ҚАЖК ҚАЖД бастығына оқиға туралы баяндайды, ТМ заңдылықты сақтауды қадағалайтын мамандандырылған прокурорға хабарлама жолдайды. Сотталғандардың заңды талаптарын қанағаттандыруға шаралар қолданып, сотталғандардан құқыққа қарсы іс-әрекеттерді тоқтатуды талап етеді және туындаған мәселелерді шешеді.

131-3. Тамақ ішуден бас тартқан сотталғандардың денсаулығын қолдауға бағытталған, оның ішінде мәжбүрлеу сипатындағы шаралар, егер олардың өміріне қауіп төнсе, оны қадағалаушы медициналық қызметкердің жазбаша қорытындысының негіздемесіне сәйкес медициналық көрсеткіші бойынша

131-4. Сотталғандардың тамақ ішуден бас тартуы оларды басқа түзеу мекемелеріне немесе қамауда ұстау орнына айдауылдауға кедергі келтірмейді. Қажет болған жағдайда айдауылдау медицина қызметкерінің еріп жүруімен жүргізіледі.

8-ТАРАУ. ТҮЗЕУ КОЛОНИЯЛАРЫНЫҢ ЖАБДЫҚТАЛУЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

132. Түзеу колониясының орналасуы үшін бөлінген аумақ күзетілетін және күзетілмейтін учаскелерге бөлінеді. Күзетілетін аумақ өз шегінде екі изоляцияланған аймаққа бөлінеді: коммуналдық-тұрмыстық объектілері бар тұрғын аймақ және өндірістік аймақ. Әрқайсысында бір мезгілде кемінде 250-300 адам болуы үшін олардың аумақтары бір-бірінен оқшауланған локальді учаскелерге бөлінеді. Технологиялық процестің ерекшелігіне қарай өндірістік аймақта мұны жасау мүмкін болмаса, цехаралық өткізу режимі ұйымдастырылады.

133. Тұрғын аймақта сотталғандар дағдылы және жеңілдетілген жағдайларда жазасын өтеу үшін жатақханаға орналасады, жаңадан келген сотталғандарды ұстауға арналған карантиндік үй-жай, асхана, дүкен, мектеп және кәсіби-техникалық даярлыққа арналған оқу-техникалық бөлмелер, киноқондырғысы бар клуб, бір сотталғанға 5 кітап есебінен, республикалық және жергілікті басылымдармен жабдықталатын кітапхана, медициналық бөлім, заттай мүлікті дезинфекциялауға арналған жабдығы бар монша-кір жуу блогы, шаштараз, төсек-орын мен киімдерді айырбастау қорын сақтауға арналған қойма, киім және аяқ киім жөндеу шеберханалары; спортзал (мүмкіндігінше), телефонмен сөйлесуге арналған үй-жай, сондай-ақ әкімшіліктің қызметтік бөлмелері орналасады.

134. Түзеу колониясының тұрғын аймағында:

- 1) сотталғандар еңбек демалысын өткізуге арналған профилакторий;
- 2) жазасын қатаң жағдайда өтеуге ауыстырылған режимді кәнігі бұзушыларды ұстау үшін құлыпталатын үй-жайлары бар учаске;
- 3) камералық үлгідегі және жұмысқа арналған камералары және серуендеу аулалары бар айыптылық оқшаулау орны бар ғимарат жеке-жеке жабдықталады.
- 4) колонияның бір-бірінен оқшауланған учаскелер аумағында, мүмкіндік болса, бір мезгілде сотталғандарды сапқа тұрғызуға және тексеруге пайдаланылатын спорт алаңдары, оқшаулау учаскелері жабдықталады;

5) жазаны өтеу жағдайларын жіктеу үшін жатақханалар.

Ескерту: 134-тармаққа толықтырулар енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 155 бұйрығымен.

135. Тұрғын аймақ өндірістік аймақтан, сондай-ақ камералық үлгідегі үй-жайлар мен айыптылық орындары өзге құрылыстардан қалтарысы жоқ дәліздермен бөлінеді.

136. Кезекшінің және кезекші қызмет қызметкерлерінің үй-жайлары, әдетте шектес тұрғын және өндірістік аймақтар түйіскен жерде орналасады. Мұнда сонымен қатар тінту жүргізуге, сондай-ақ сотталғандардың киінуіне арналған душтық қондырғылы үй-жайлары бар жерүсті не жерасты ішкі бақылау-өткізу пункті жабдықталады.

137. Қысқа мерзімді және ұзақ кездесулер өткізуге арналған үй-жайлар, посылкаларды, сәлемдемелерді, бандерольдерді қабылдап алуға және беруге арналған, сондай-ақ колонияның күзетілетін аумағына кіретін адамдар мен олардың заттарын тексеруге арналған бөлмелер бақылау-өткізу пунктінің ғимаратында орналасады.

138. Колонияның күзетілетін аумағынан тыс жерде: әкімшілік ғимараты (әдетте, бақылау-өткізу пунктімен бір блокта), тамақ резервінің көздері, азық-түлік, заттай мүлік, жанар-жағар май, лак-сырлы бояу заттарының, ұзақ уақыт сотталғандардың жеке заттарын сақтайтын қоймалар, көкөніс қоймасы, наубайхана, гараждар, дәріхана, дүкен, жеңілдетілген жағдайда тұратын сотталғандарға арналған, айдауылсыз жүріп-тұруға құқы бар және колонияның күзетілетін аумағынан тыс жерде тұратын сотталғандарға арналған жатақхана, АТС, кездесуге келген туысқандары тұруға, түзеу колониясының шегінен тыс жерлерде ұзақ мерзімді кездесулер өткізуге арналған, сонымен қатар қызмет бабымен колонияға келген лауазымды адамдарға арналған қонақ үй үлгісіндегі үй-жайлар, сондай-ақ кезекші қызмет қызметкерлері оқуға және киімдерін ауыстыруға арналған үй-жайлар, спортзал орналасады. Жылдың суық мезгілінде тұрғын және қызметтік үй-жайлардағы температура 18-20 С шамасында болады.

1. Сотталғандарды камерада ұстайтын айрықша режимдегі түзеу колонияларын жабдықтаудың ерекшелігі

139. Сотталғандарды камерада ұстайтын айрықша режимдегі түзеу колониялары мынадай ерекшеліктерді есепке ала отырып жабдықталады:

1) тұрғын аймақ қалтарысы жоқ дәліз арқылы екі бөлікке: камералық үлгідегі үй-жай орналасқан аумаққа және әдеттегі тұрғын үй-жайлары бар аумаққа б ө л і н е д і .

2) әдеттегі тұрғын үй-жайлар орналасқан аумақта басқа түрдегі

колониялардағы сияқты қызметтік және коммуналдық-тұрмыстық объектілер орналасады. Сонымен қатар тұрғын үй-жайлар әкімшілік және коммуналдық-тұрмыстық ғимараттардан оқшау орналасады. Медициналық бөлім ғимараты тұтас толтыру дуалмен қоршалған.

3) Камералық үлгідегі үй-жайлар орналасқан аумақта жанында жұмыс камералары бар айыптылық оқшаулау орнының және сотталғандар жеке ұстауға арналған камералар орналасады. Бұл үй-жайлардың маңында серуен аулалары жасалады.

2. Түзеу колония-қоныстарын жабдықтаудың ерекшеліктері

140. Колония-қоныстарда камералық үлгідегі үй-жайлар қарастырылмайды.

141. Колония-қоныстардың айыптылық оқшаулау орындарында әрқайсысы 4-6 орындық 1, 3 жалпы камера, екі орындық 1, 3 камера және айыптылық оқшаулау орны бойынша бақылаушының бөлмесі жабдыкталады. Айыптылық оқшаулау орнының ғимараты басқа ғимараттардан тұтас толтыру дуалмен қоршалған.

3. Түзеу колонияларындағы жатақханаларды жабдықтау

142. Жалпы және айрықша режимдердегі түзеу колонияларында, айрықша режимдегі колониялардың дағдылы үй-жайларында, түзеу колония-қоныстарда жазасын өтеп жүрген адамдар жатақханаларда орналастырылады және Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару кодексімен бекітілген нормалар бойынша тұрғын ауданмен қамтамасыз етіледі. Әрбір сотталғанға жеке ұйықтайтын орын беріледі, онда сотталғанның тегі, аты-жөні көрсетіледі.

Ескерту: 142-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 155 бұйрығымен.

143. Жалпы және айрықша режимдердегі түзеу колонияларындағы, дағдылы тұрғын үй-жайларда ұсталатын адамдарға арналған айрықша режимдегі колониялардағы, түзеу колониялары-қоныстардағы жатақханалар инвентарьмен және тізбеге (37-қосымша) сәйкес басқа да заттармен қамтамасыз етіледі.

144. Жатақхана ғимараттарында әрбір отрядқа ұйықтайтын бөлмелер есебінен басқа отряд бастықтарының бөлмелері, тәрбие жұмысына арналған бөлме, психологиялық тынығу, киім шешетін бөлмелер, дәретханасы бар жуынатын бөлмелер, тамақ сақтауға және тамақтануға арналған бөлмелер, жеке заттарды сақтауға арналған бөлме, тұрмыстық бөлмелері (бұрыштар), киім және аяқ киім кептіретін бөлмелер жабдыкталады. Жатақхана бойынша кезекшінің орны КБКК-мен телефон байланысымен жабдыкталады. Әйелдерді ұстауға арналған

түзеу мекемелерінде - жеке гигиена бөлмелері. Қоныс-ТМ-нің жатақханаларында қосымша ас үйлер, кір жуатын бөлмелер, шаруашылық инвентарлары бөлмелері жасақталады. Түзеу колонияларының карантиндік үй-жайларында тұрғын бөлмелер, тәрбие жұмысына, тамақтануға, жеке заттарды сақтауға арналған бөлмелер, киім шешетін бөлмелер, дәретханалар жабдықталады.

Локальдық учаскелер "рабица" торымен қоршалыды, ал бір-бірінен толықтай толтырылып биіктігі кемінде 3 м. болатын тұтас құйылған темірбетон шетенмен бөлектенеді. Локальдық учаскелер арасында қандай да болмасын құрылыс жасауға тыйым салынады. Қоршаудағы шарбақтың есігі бекіту немесе құлып құрылғысымен жабдықталады. Локальдық учаскенің жоғарғы жабуы металл конструкциясынан құрастырылады және "рабица" торымен жабылады. Әрбір локальдық учаскелерде:

әңгімелесуге арналған орын;
шылым шегуге арналған орын;
жасақ сотталғандарын тұрғызуға арналған мини-плац;
спорттық алаңдар болуы тиіс.

Ескерту: 144-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 155 бұйрығымен.

145. Қатаң жағдайда ұсталатын сотталғандарға арналған үй-жайларды жабдықтау түзеу мекемелерінің жатақханаларына қойылатын талаптар қолданыла отырып жүзеге асырылады. Сонымен бірге онда сотталғандарды колонияның басқа аумағынан аса жоғары оқшаулау қамтамасыз етіледі. Осы мақсатта, әсіресе осында ұсталатын сотталғандарға арналған жұмыс объектілері мен тамақтануға арналған орын бекітілген үлес нормалары бойынша тікелей үй-жайдың аумағында жабдықталады.

4. Камералық үлгідегі үй-жайлар мен түзеу колонияларының айыптылық оқшаулау орындарын жабдықтау

146. Жалпы, қатаң және айрықша режимдегі түзеу колонияларының камералық үлгідегі үй-жайларында (бұдан әрі - КҮЖ), сондай-ақ айыптылық оқшаулау орындарында (бұдан әрі - АОО) ұсталатын адамдар екі шаршы метр тұрғын жай көлемімен қамтамасыз етіледі.

147. Жалпы, қатаң режимдегі түзеу колонияларының КҮЖ, АОО үй-жайларының, ғимараттарының тізілімі осы Нұсқаулықтың (38-қосымша) да көрсетіледі.

148. КҮЖ-дің, АОО-ның дәлізінде камераларды басқа үй-жайлардан, сондай-ақ АИ камераларын КҮЖ камераларынан бөліп тұратын металл тор (еденнен төбеге дейін есігімен) орнатылады. АОО камераларының қабырғалары

цемент ерітіндісімен сыланып, ағартылады. Еденнің бетон негізінде ағаш
ж а м ы л ғ ы ж а б д ы қ т а л а д ы .

Ескерту: 148-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 128 бұйрығымен.

149. Барлық камераларда қос есіктер: сыртқысы - камера жағы қаңылтырмен қапталған қалыңдығы 6 см. ағаш есіктер және ішкісі металл жұмыр қазықтар мен көлденең жолақтардан жасалған болат торлы есіктер орнатылады. Ішкі есік еденнен 95 см. биіктіктегі ортаңғы бөлігінде сотталғандарға тамақ, кітаптар және т.б. беру үшін көлемі 18x22 см. есіктегі тереземен жабдықталады. Есіктегі терезенің есікшесі дәліз жаққа қарай ашылады және құлыпталады.

149-1. ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандар бір сотталғанға 2,5 квадрат метр тұрғын жаймен қамтамасыз етіледі. ӨБА-ға сотталғандар камераларда екі адамнан артық болмай, ӨЖ-ға сотталғандар бір адамдық камераларда орналастырылады.

Барлық камераларда қос есік қойылады: сыртқысы: жуандығы 4 см кем емес, ішкісі - құрыштан жасалған торланған есік. Камераның ішінде дөңгелек құрыштан жасалған бөліп тұратын темір есік қойылады. Әйнектердің аралығында да бөліп тұратын тор қойылады. Темір дөңгелек бағаналардың диаметрі 20 мм, торлардың ұяшығы 12x20 см кем болмауы керек. Сыртқы есіктің ортасында 1,5 м. биіктікте оптикалық қарайтын тесік, сыртқы жағынан жабатын "жапқыш" орнатылады. Сотталғандарға тамақ, кітаптар және т.б. беру үшін барлық үш есікке еденнен 95 см биіктікте 21x27 см желкөз орнатылады. Желкөздердің есіктері коридор жағына қарай ашылады және құлыптармен жабдықталады. Құлыптарға сотталғандардың қолы жетпейтін болуы тиіс (43-қосымша).

Ескерту: 149-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 155 бұйрығымен.

150. Камералардың сыртқы есіктері кәдімгі тиектерден басқа арнайы үлгідегі механикалық немесе электр құлыптарымен жабдықталады. Есіктің ортасында 1,5 метр биіктікте сыртқы жағынан "жапқышпен" бүркемеленген бақылауға арналған оптикалық саңылау, сондай-ақ есіктерде кілтті ұстап алғаш қондырғылар, есіктің ашылуын шектеуіштер орнатылады.

151. КҮЖ және АОО камераларындағы көлемі 60x120 см. қос жақтауы бар терезелер ішке қарай ашылатын есіктегі тереземен жабдықталады. Сыртқы жағынан диаметрі кемінде 18 мм. жұмыр болаттан және көлемі 60x12 мм. Көлденең айқастырылған жолақтан тұратын дәнекерленген металл торлар орнатылады. Торкөздердің көлемі 12x20 см. болады. Терезелер камера жағынан әйнекке қол жетпейтіндей етіліп аспалы тормен қоршалады.

152. Колонияның КҮЖ және АОО камераларында электр сымдар оларға сотталғандардың қолдары мүлдем жетпейтіндей етіліп орнатылады. Жалпы және түнде жарық беретін электр шамдары торкөздермен оқшауланған ойыққа орналастырылады. Электр сымдары жасырын жүргізіледі. Жарық беру шамдары мүмкін болатын зақымданудан қоршалады. Ажыратқыштар әр камераға дәліз жақтан орнатылады. Репродукторлар қабырғадағы ойықтарға орнатылады.

153. КҮЖ және АОО камераларында қадағалау жөніндегі бақылаушыға табло арқылы дыбыс беруге арналған шақыру дыбыс (электр немесе механикалық) нүктелері орнатылады. Кезекші қызмет қызметкерлерінің, кезекшінің және колония бастығының режим жұмысы жөніндегі орынбасарының бөлмелерінде байланыс пульттері орнатылады.

154. Кезекші қызмет қызметкерлерінің бөлмесінде телефон, ал дәлізде - кезекшінің бөлмесі мен БӨП-ке шығарылған хабарлау дабыл белгісінің екі нүктесі орнатылады.

155. КҮЖ және АОО ғимараттарында орталықтан сумен жылыту немесе пешпен жылыту қолданылады. Ауамен жылытуды қолдануға жол беріледі. Пешпен жылыту кезінде пештің оттығы дәліз жақтан қарастырылады. Орталықтан сумен жылыту кезінде жылу құралдары (радиаторлар мен панелдер) терезенің астына орналастырылады және оларға сотталғандардың қолдары мүлде жетпейтіндей етіліп жабылады. Камераларда жылу түтіктері жасырын жүргізіледі. Жылу пештері камераның биіктігіне дәл орнатылады. Пештің барлық аумағы тік және көлденең бөліктерін қосқанда камера жағынан жұмырланған бұрыштары бар металл футлярмен жабылады. Футлярлар үшін қалыңдығы кемінде 0,6 мм. металл қаңылтырлар қолданылады. Футляр қаңылтырларының түйіскен жерлері темір жолақпен жабылады.

156. Түзеу колонияларының КҮЖ белгіленген норма (39-қосымша) бойынша инвентарлармен және басқа да заттармен қамтамасыз етіледі. Айрықша режимдегі колонияларда АОО мен жалғыз адамдық камералар күндіз құлыпқа салынатын қайырмалы төсектермен, ұсталған адамдардың саны бойынша отыруға арналған тумбалармен немесе орындықтармен және еденге бекітілген үстелмен, санитарлық желі және су құбырымен жабдықталады.

157. Сотталғандарды камерада ұстау кезінде есіктерді жабу қондырғыларын басқару пульті ток көздері сөнгенде есіктер мен барлық электр құлыптарының ашылуын қамтамасыз етуі тиіс. КҮЖ-де және АОО-да жеке заттар мен төсек-орындар жекеленген үй-жайларда сақталады.

158. КҮЖ-дің және АОО-ның ғимараттары кезекшінің бөлмесіне дабыл белгісі шығарылған өртке қарсы автоматты дыбыс белгісімен жабдықталады. Көрнекті жерлерде адамдарды эвакуациялау жоспары мен өрт қауіпсіздігінің шаралары туралы нұсқаулық ілінеді.

159. КҮЖ және АОО ғимараттарында:

- 1) жертөле және шатыр үй-жайларында адамдарды тұру үшін орналастыруға;
- 2) адамдарды эвакуациялау жолдарының үстіңгі жағын (дәлізді, баспалдақты) жанғыш материалдармен қаптауға, сондай-ақ оларға нитронегізді сыр жағуға;
- 3) жанғыш материалдарды, жеңіл тұтанғыш және жанғыш сұйықтарды қолданатын өндірістік учаскелерді орналастыруға;
- 4) колония әкімшілігінің қауіпсіздендіру қызметімен келісілген жазбаша рұқсат қағазынсыз электрмен дәнекерлеу жұмыстарын жүргізуге;
- 5) жеңіл тұтанғыш және жанғыш сұйықтарды, оның ішінде оларды жөндеу кезеңінде сақтауға;
- 6) керосин шамдарын, факельдер мен май шамдарды белгіленбеген жерлерде сақтауға және жарық беру үшін қолдануға;
- 7) қолдан жасалған электрмен жылыту құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

160. КҮЖ және АОО ғимараттарының бөліп орналастырылған кемінде екі есігі болуы керек. Қосымша эвакуациялау есігінің кілті тәулік бойы болатын кезекші персоналы бар таяу бөлмеде сақталуы тиіс. Қабаттарда өртке қарсы рукавпен және ұңғымен жабдықталған өртке қарсы ішкі крандар, сондай-ақ кемінде 2 өрт сөндіргіш орнатылады.

5. Кездесулер өткізуге арналған үй-жайларды жабдықтау

161. Сотталғандардың туысқандарымен және өзге де адамдармен кездесулерін өткізуге арналған тиісті үй-жайлар әдетте БӨП-тің ғимаратында жабдықталады. ТК-дан тысқары жерлерде ұзақ кездесулер өткізу үшін айдауылсыз қозғалу құқығы берілген және жазасын жеңілдікті жағдайларда өтеп жатқан сотталғандарға колонияның күзетілмейтін аумағында тұруына арналған жатақханадан тиісті бөлмелер қарастыру ұсынылады. Бұл ретте кездесу бөлмелері жеке шығу есігімен қамтамасыз етіледі.

162. Кездесу бөлмелерінің блогі үй-жайларының құрамына ойын (балаларға арналған) бөлмесі, ас үй, жуынатын орын, дәретханалар, шомылатын бөлме, киім-кешектер мен төсек-орындарды сақтауға арналған қойма, сондай-ақ қысқа мерзімді кездесулер өткізуге арналған бөлме мен оларды өткізу жөніндегі бақылаушының бөлмесі кіреді. Соңғы екі үй-жай басқаларынан оқшау орналастырылады. Мүмкіндігінше, ұзақ кездесулерге арналған үй-жайлардың жанында таза ауамен дем алуға арналған аулашалар жабдықталады. Кездесулерді күту үй-жайы жеке жабдықталады, оның құрамына күту бөлмесі мен санитарлық желі кіреді. ТК-қоныстардағы сырттан келген адамдар кездесу өткізетін үйлер осы талаптарға сәйкес жабдықталады.

163. Ұзақ кездесулер өткізуге арналған бөлмелер саны жалпы режимдегі ТК-да 1000 адамға 24 бөлме есебінен, оның ішінде күзетілетін аумақтан тысқары жерлерде кемінде 2 бөлме, қатаң режимдегі ТК-де тиісінше 16 және 1; айрықша режимдегі ТК-де - 16. Сотталғандардың туысқандарымен кездесулерінің жиілігі ТМ-нің қашық орналасуына немесе басқа да себептермен осы Нұсқаулықтың талабы бойынша рұқсат етілгеннен кем болса, ұзақ кездесулер бөлмелерінің саны да аз болуы мүмкін.

164. Ұзақ кездесуге арналған бөлменің тұрғын-жай көлемі бір адамға 5 шаршы метр нормасына сәйкес есептеледі. Кездесу бөлмелері мен үй-жайлардың жоспары, өңдеу-әрлеуі, әсемдік бұйымдары, желдеткіш жүйелері ыңғайлы, эстетикаға сай ресімделуі және қолданылып жүрген стандарттарға жауап беруі керек.

165. Кездесуге арналған бөлмелердің терезелеріне сырт жағынан ашылатын металдан жасалған ою-өрнекті торлар орнатылады.

166. Ұзақ кездесулерге арналған бөлмелердің есіктері құлыптармен жабдықталмайды, оның ішкі жағынан жеңіл тиек орнатылады.

167. Ұзақ кездесулерге арналған үй-жайларға кіретін есік ұдайы құлыпқа жабылуы тиіс. Кірер есіктің, қосымша есік пен ұзақ кездесулерге арналған үй-жай есіктерінің кілттері кездесулер өткізу жөніндегі бақылаушыда сақталады. Күнделікті жұмыс данасынан басқа мекеме бойынша кезекшіде сақталатын қосымша және бақылау данасы болуы керек.

168. Ұзақ кездесулерге арналған үй-жайларда кездесулер өткізу жөніндегі бақылаушыны шақыру белгісі, кезекшінің бөлмесіне шығарылған өртке қарсы автоматтандырылған дыбыс белгісі, сондай-ақ колония бойынша кезекшімен ішкі (қаланың, кенттің АТС-на шықпайтын) телефон байланысы орнатылады.

169. Ұзақ кездесулерге арналған үй-жай, күту бөлмесі жиһазбен, инвентарьмен, зат-мүліктермен, ас үй және асхана ыдыстарымен қамтамасыз етіледі. Әрбір үй-жайда олардың сақталуына жауапты адам көрсетіле отырып мүліктердің тізбесі ілінеді.

170. Қысқа мерзімдік кездесулер бөлменің ұзына бойына бір-бірінен ені 120 см. болатын бос кеңістік бойынша бөлініп екі қатарға қойылған үстелдер (сотталғандар мен кездесуге келушілер үшін) арқылы өткізіледі. Сырт жағынан биіктігі 20 см. кедергімен жабдықталады және қақпағынан еденге дейін тұтас ағаштан жасалған қабырғамен жабылады. Бөлмелердің сыйымдылығы нақты қажеттілігіне сәйкес 5-15 адамға қарастырылған. Әрбір үстел қатарының бір жағынан орындықтардың тиісті саны қойылады.

Қысқа мерзімдік кездесулерге арналған бөлмелер терезелердің саны бойынша гардиналармен немесе перделермен, су құйылған графиндермен және стақандармен, қабырға сағаттарымен қамтамасыз етіледі.

170-1. ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандардың туыстарымен және басқа адамдармен қысқа мерзімді кездесулері, жеке сұрақтары бойынша қабылдануы, телефонмен сөйлесулері арнайы жабдықталған үй-жайларда металл пруттан дайындалған кабинада өткізіледі. Кабинада сотталғанның қолын "артқы" жағдайда кісендеулі ұстау үшін кронштейні бар еденге бекітілген металл орындық орнатылады. Туыстарының тұратын жерлері ағаш шарбақпен бөлініп тұрады. Кездесу өткізу кезінде резерв тобының екі бақылаушысы мен кездесу бөлмесінің бақылаушысы қатысады (44-қосымша).

Ескерту: 170-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 155 бұйрығымен.

170-2. Сотталған жүкті және жас балалары бар сотталған әйелдер мен кәмелетке толмаған сотталғандардың, жалпы режимдегі колонияларда жазасын өтеп жатқан сотталғандардың жұбайларымен және жақын туыстарымен, қысқа мерзімдік кездесулері ТМ әкімшілігінің рұқсатымен, осы Нұсқаулықтың 170-тармағының талаптарын ескермей өткізіледі.

Ескерту: 170-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 345 бұйрығымен.

171. Кездесулерге арналған бөлмелердің үй-жайлар блогі (онда болатын адамдардың санына қарамастан) ішкі тыйым салынған аймаққа шығаратын запас эвакуациялық есікпен жабдықталады. Ол есік ішкі жағынан құлыпқа салынады және кезекшінің үй-жайына шығарылған күзет дыбыс белгісімен жабдықталады, колония бастығының кезекші көмекшісінің үй-жайына тікелей телефон байланысы тартылады. Эвакуациялық есіктің кілттері кезекші бақылаушыда болатын мөрленетін пеналда және түнгі уақытта ол кездесу бөлмесіндегі адамдардың ішінен сайлаған адамда сақталады.

172. Үй-жайлардың көрнекті жерлерінде адамдар мен мүліктерді эвакуациялау жоспары, өрт қауіпсіздігі шаралары мен өрт шыққан жағдайдағы іс-қимылдар туралы нұсқаулықтар ілінеді. Ұзақ кездесулерге арналған бөлмелер алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі, олардың ақаусыз болуына кездесулер өткізу жөніндегі бақылаушы жауапты болады.

173. Қызмет көрсетуші персонал және ұзақ кездесулерге арналған бөлмелердегі адамдар өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау туралы нұсқау алып, ол жөнінде арнайы журналға қол қояды.

174. Ұзақ кездесулерге арналған бөлмелерде:

- 1) тұрғын-жайларды жертөле және шатыр үй-жайларында орналастыруға;
- 2) адамдарды эвакуациялау жолдарының үстіңгі жағын (дәлізді, баспалдақты) жанғыш материалдармен қаптауға, сондай-ақ оларға нитронегізді сыр жағуға;
- 3) жанғыш сұйықтарды, оның ішінде оларды жөндеу кезеңінде сақтауға;
- 4) белгіленбеген жерлерде темекі тартуға және керосин шамдарын, факельдер

мен май шамдарды жарық беру үшін қолдануға;

5) баспалдақтарда, дәліздер мен тамбурларда қойма бөлмелерін жабдықтауға, сондай-ақ эвакуация жолдарында шкафтар, киім ілгіштер, аяқ-киімдер қоюға арналған тумбалар орнатуға немесе ол жерлерге қандай да бір заттар мен материалдарды үйіп тастауға;

б) тұрғын-жай бөлмелері мен эвакуациялау жолдарында газ плиталарын, керосин және электр тұрмыстық құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

9-тарау. Түрмелерде, түзеу мекемелердің жабылатын үй-жайларында (камераларда) ұсталатын адамдарды қадағалау ерекшеліктері

Ескерту: Нұсқаулық жаңа 9-тараумен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2006.06.21 N 182, өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2010.10.26 N 292 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

Ескерту. Барлық мәтіндегі "түрмелердің", "түрмелердегі", "түрме", "түрмеден", "түрмені", "түрме бойынша", "түрмедегі", "түрмеге", "түрмеде" деген сөзден кейін ", жабылатын үй-жайлары бар түзеу мекемелердің (камераларда ұстаумен)", ", жабылатын үй-жайлары бар түзеу мекемелердегі (камераларда ұстаумен)", ", жабылатын үй-жайлары бар түзеу мекемелер (камераларда ұстаумен)", ", жабылатын үй-жайлары бар түзеу мекемелерден (камераларда ұстаумен)", ", жабылатын үй-жайлары бар түзеу мекемелерді (камераларда ұстаумен)", ", жабылатын үй-жайлары бар түзеу мекемелер (камераларда ұстаумен)", ", жабылатын үй-жайлары бар түзеу мекемелерге (камераларда ұстаумен)", ", жабылатын үй-жайлары бар түзеу мекемелерде (камераларда ұстаумен)" деген сөздермен толықтырылсын, "ТБКК" аббревиатурасынан кейін ", ТМБКК" аббревиатурасымен толықтырылсын - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.10.26 N 292 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

1. Қадағалаудың негізгі талаптары

175. Кезекші ауысымның және режим бөлімінің сандық құрамы режим корпустарының, қадағалау бекеттерінің саны, сотталғандардың тәуелділік қозғалысы, айдауылдау, тінту жөніндегі міндеттердің орындалуы және т.б. ескеріле отырып белгіленеді.

176. Сотталғандарды серуенге, дәрігерге, кездесуге шығаруды және ұстау режиміне байланысты басқа да функцияларды орындауды режимдік бөлімнің бақылаушылары қамтамасыз етеді.

177. Қадағалау бекеттерінің саны мен орналасуы, түрмелердің, жабылатын үй-жайлары бар түзеу мекемелердің (камераларда ұстаумен) корпусық бөлімшелерінің саны түрмелердегі, жабылатын үй-жайлары бар түзеу мекемелердегі (камераларда ұстаумен) қадағалау бекеттерінің табельдерімен (45-46-қосымшалар) белгіленеді.

178. Корпусық бөлімшелер режимдік корпусстар немесе қабаттар бойынша белгіленеді. Олардың саны бір корпусық бөлімшеде ұсталатын сотталғандар есебінен айқындалады. Әрбір корпусық бөлімшеге табельдегі жазба бойынша нөмір беріледі.

179. Табельмен бекітілген қадағалау бекеттері табельдік бекеттер деп аталады. Нақты жағдайларға қарай қадағалау бекеттері бір ауысымдық, екі ауысымдық, үш ауысымдық немесе тәулік бойғы болуы мүмкін, ол табельде көрсетіледі. Әрбір табельдік бекетке табельдегі жазба бойынша реттік нөмір беріледі. Табельде әрбір бекеттің қадағалауында болатын объекті көрсетіледі.

180. Табельдік бекеттерден басқа, түрме, жабылатын үй-жайлары бар түзеу мекемелер (камераларда ұстаумен) бастығының, оның жедел-режим жұмысы жөніндегі орынбасарының немесе түрме, жабылатын үй-жайлары бар түзеу мекемелер (камераларда ұстаумен) бастығының кезекші көмекшісінің (бұдан әрі - ТБКК, ТМБКК), түзеу мекемелері бастығының кезекші көмекшісінің (бұдан әрі - ТМБКК) өкімі бойынша сотталғандар қолда бар деректер бойынша қашуға, күзетке шабуыл жасауға, не болмаса басқа да заңсыз әрекеттер жасауға ниеттеніп отырған бір немесе бірнеше камераларға бақылауды күшейту үшін қосымша (уақытша) бекеттер орнатылуы мүмкін.

181. Қадағалау бекеттері:

- 1) камера, АИ үй-жайы жанында;
- 2) кіру қақпаларының жанында;
- 3) сотталғандардың серуендеуі кезінде серуендеу аулаларының жанында;
- 4) өндірістік аймақ жанында;
- 5) медсан бөлімдері жанында;
- 6) ұзағырақ кездесу бөлмесінің жанында;
- 7) басқа да бекеттерге қойылады.

Камералар жанындағы бекеттердің қадағалау жөніндегі бақылаушылары бір бекетке 10-нан 15-ке дейінгі аралас немесе қарама-қарсы орналасқан камераларды күзетке тапсыру есебінен орналастырылады.

2. Кезекші ауысымдардың қызмет өткеруін ұйымдастыру

182. ТБКК, ТМБКК қызмет өткеру кезінде:

- 1) корпус бойынша аға қызметкер мен бақылаушылардың қызмет өткерулерін

жеке өзі, сондай-ақ орынбасары арқылы күндізгі уақытта кемінде үш рет, ал түнгі уақытта кемінде төрт рет жүйелі түрде тексереді;

2) белгі беру, байланыс құралдарының, сондай-ақ есіктердің, есіктердегі желдеткіштердің, құлыптардың, торлардың, камералық жабдықтардың ақауларын тез арада жою жөнінде шаралар қолданады;

3) режимдік аумақта баспалдақ, тақтай және шабуыл жасау мен қашу үшін пайдалануға болатын басқа да заттарды сақтауға жол бермейді;

4) сотталғандарды қабылдауды және жөнелтуді жүзеге асырады, оларды жедел және режим бөлімі құрастырған камералық орналастыру жоспарына сәйкес камераларға орналастырады және жеке тінтуді ұйымдастырады.

183. ТБКК, ТМБКК кезекші бөлімінде:

1) арнайы кілттердің есебін жүргізу кітабын (47-қосымша);

2) өлім жазасына сотталған және өмірлік бас бостандығынан айырылған сотталғандар ұсталатын түрме типтес камералардың артық кілттерін және камералардың екінші құлыптарының кілттерін;

3) камера бойынша орналастыру жоспарын;

4) Осы Нұсқаулыққа сәйкес журналдарды сақтайды және жүргізеді.

Осы Нұсқаулықта көрсетілген жеке құжаттарды жүргізуді және сақтауды ТБКК, ТМБКК өзінің орынбасарына жүктеуі мүмкін.

184. Корпустық бөлімшені кезекші ауысымның корпус бойынша аға қызметкері басқарады. Корпус бойынша аға қызметкер корпуста кезекші ауысым құрамында корпуста қызмет өткереді және ТБКК, ТМБКК мен оның орынбасарына бағынады. Оған қадағалау жөніндегі бақылаушылар бағынады.

Корпус бойынша аға қызметкерге корпустық бөлімшеде бөлме бөлінеді, оған:

1) ішкі телефон байланысы және кезекшімен тікелей байланыс аппараттары;

2) камералармен біржақты байланыс жасайтын дауыс зорайтқыш аппараттар;

3) күзет-дабыл белгілерін беретін түйме;

4) құжаттарды сақтауға арналған металл шкаф орналастырылады.

185. Корпус бойынша аға қызметкер:

1) күзет орнына бақылаушылардың өздеріне бекітілген корпустық бөлімшеде қызмет атқаруларын тексереді, дабыл кезінде дереу белгі түскен күзет орнына к е л е д і ;

2) корпустық бөлімшеге келген сотталғандарды қабылдайды және оларды ТМ бастығы басқаратын ТМ комиссиясының шешімімен камераларға орналастырады . Сотталған орналасуға тиіс орынды (төсекті) жеке көрсетеді және оны тиісті төсек жабдықтарымен, күнделікті қажетті заттармен қамтамасыз етеді;

3) орын ауыстыру тізімі негізінде сотталғандарды басқа камераға ауыстырады (4 8 - қ о с ы м ш а) ;

4) камералық картотека бойынша сотталғандардың есебін жүргізеді,

камералық карточкаға (49-қосымша) бір камерадан екінші камераға ауыстыру туралы мәлімет, берілген немесе қайтарылған мүлік туралы барлық қажетті ж а з б а л а р д ы жү р г і з е д і ;

5) ішкі тәртіп ережесінің сақталуын, уақытында ұйқыдан тұруды, ұйқыға жатуды, тамақ таратуды қадағалайды, сотталғандар арасындағы тәртіпті қадағалау шараларын қолданады, байқалған тәртіп бұзушылықтарды дереу жояды және олардың тарапынан болған заңсыз әрекеттердің жолын кеседі;

6) Сотталғандардың кенеттен ауырып қалып, медициналық жедел жәрдемді қажет ететіндері туралы ТБКК, ТМБКК баяндайды және медицина бөлімін х а б а р д а р е т е д і ;

7) камераларда кесте бойынша кезекшілерді тағайындайды және корпустық бөлімшелерде тазалықты сақтауын қамтамасыз етеді;

8) сотталғандарға киімдерді ұсақ-түйек жөндеу жұмыстары үшін ине, жіп, қайшыларды бақылаумен береді және олардың қайтарылуы мен сақталуын қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

9) түрмеден, жабылатын үй-жайлары бар түзеу мекемелерден (камераларда ұстаумен) кететін адамдарды кезекші бақылаушыларға тапсырады;

10) жазбаша арыздар мен шағымдарды қабылдайды және оларды ТБКК, Т М Б К К т а п с ы р а д ы ;

11) сотталғандар босатылған кезде олардың есебіндегі мүкәммал заттарды тапсыруын бақылайды, жетпеген немесе бүлінген заттар туралы ТБКК, ТМБКК б а я н д а й д ы ;

12) кешкі тамақтану уақыты аяқталған соң бақылаушылардан камералардың кілттерін алады және оларды сотталғандар таңғы ұйқыдан тұрғанға дейін металл шкафта сақтайды немесе ТБКК, ТМБКК-ге сақтауға тапсырады;

13) сотталғандарды серуендеуге, санитарлық өңдеуге шығаруды, камералардың техникалық тексерілуін, жоспарлы және жоспардан тыс тінтулер жүргізуді бақылайды.

186. Корпус бойынша аға қызметкер өзінің корпустық бөлімшесін тек ТБКК, ТМБКК рұқсатымен ғана қалдыра алады.

187. Ауырған жағдайда корпус бойынша аға қызметкер бұл туралы ТБКК, ТМБКК баяндайды және оның тиісті нұсқауы бойынша әрекет етеді.

188. Бақылаушы ауысымға түсер алдында бекет жабдықтарының: камералардың есігін, құлыптарды, жарық түсіргіштерді, белгі беру және байланыс құралдарын, өртке қарсы жабдықтарды және мүкәммалдарды мұқият тексеруі және олардың жұмыс істейтіндігіне көз жеткізуі тиіс, сондай-ақ, бекет нұсқаулығын және осы құжаттарды сақтау көзделген бекеттердегі рұқсат қағаздарының үлгілерін қабылдап алуы тиіс.

189. Бекеттегі бақылаушыға: оқуға, отыруға, ұйықтауға, бөгде адамдармен сөйлесуге, қандай да бір затты сақтауға қабылдауға немесе бір затты бір камерадан екінші камераға беруге және сотталғандарды үзіліссіз бақылаудан назарын тайдыруға тыйым салынады.

190. Бекеттегі қадағалау жөніндегі бақылаушылар:

- 1) қызметті қырағы өткеруге;
- 2) ауыстырылғанша немесе күзеттен түскенше күзет орнын тастамауға;
- 3) шабуыл жағдайында дабыл белгісін беруге және шабуылды тойтаруға;
- 4) көрші күзет орнына шабуыл жасалған кезде дабыл белгісін беруге, өз күзет орнын қоршау бойынша шаралар қабылдауға және шабуылға душар болған бақылаушыға көмек көрсетуге;
- 5) өрт көрінген жағдайда ТБКК, ТМБКК-ге хабарлауға, дабыл белгісін беруге және өртті өшіруге шаралар қабылдауға міндетті.

3. Бекеттердегі қадағалауды ұйымдастыру

191. Камералар алдындағы бекетті қадағалау жөніндегі бақылаушыда:

- 1) күзетілетін камераның кілті (күндізгі уақытта);
- 2) бақылаушының қолы жетуі үшін ыңғайлы жерге орналастырылған күзет-дабыл белгілерін хабарлағыш;
- 3) ТБКК, ТМБКК бөлмесімен тікелей байланыстағы телефон аппараты;
- 4) өртке қарсы қолданылатын жабдықтар мен құрал-саймандар;
- 5) қабырғаға жабдықталған тиегі бар қуыс-шкаф болуы керек.

Камералар жанындағы әрбір бекетте бекет ведомосы (50-қосымша) жүргізіледі.

192. Камералар алдындағы бекетті қадағалау жөніндегі бақылаушы:

- 1) өзі күзетіп отырған камерадан қашудың алдын алуға және басқа да төтенше қылмыстардың жолын кесуге бағытталған шаралар қолдануға;
- 2) сотталғандардың режим және ішкі тәртіп ережелерін сақтауын бақылауға;
- 3) камерадан шақырту келіп түскен жағдайда оның себебін анықтауға;
- 4) камераның есігін әр ашқан сайын "көзше" арқылы камераға кіру қауіпсіздігіне көз жеткізуге;
- 5) сотталғандарды камерадан серуендеуге немесе санитарлық өңдеуден өткізу үшін алып шыққан кезде оларды айдауылдарға санап тапсырып, олардан санап қабылдауға және ол туралы күзет орнының ведомосына жазуға міндетті;
- 6) түнгі уақытта барлық камералардың жарық болуын қадағалауға;
- 7) әр камерада ұсталатын сотталғандардың, сондай-ақ шаруашылық қызметін көрсету жұмыстарына қалдырылған сотталғандармен және басқа адамдармен байланысуына жол бермеуге;

8) барлық байқалған тәртіп бұзушылықтар туралы корпус бойынша аға қызметкерге немесе ТБКК, ТМБКК-ге баяндауға міндетті.

193. Бақылаушы камерада ұсталушы адамдардың мінез-құлқына қадағалауды "көзше" арқылы, сотталғандардың күдік тудыратын мінез-құлқына назар аудара отырып жүзеге асырады.

194. Бақылаушыға сотталғандардың арызын қабылдауға, олармен қызметтік міндеттерін орындауға қатысы жоқ сөз сөйлесуге тыйым салынады.

Егер сотталған өтінішпен жүгінсе немесе шұғыл арыз айтқысы келсе, онда бақылаушы бұл туралы корпус бойынша аға қызметкерді хабардар етеді.

Камерадан жазба хат лақтырған немесе берген кезде бақылаушы оларды дереу корпус бойынша аға қызметкерге немесе ТБКК, ТМБКК-ге тапсырады.

195. Қашуға оқталу немесе қашу байқалған кезде бақылаушы дабыл белгісін береді және күзет орнын қалдырмай олардың жолын кесуге шаралар қолданады.

196. Камерада тәртіпсіздік, төбелес, бағынбаушылық немесе күдікті әрекеттер болған жағдайда бақылаушы бұл әрекеттерді тоқтатуды талап етеді және дереу корпус бойынша аға қызметкерге баяндайды және дабыл белгісін береді.

197. Камерада немесе режимдік корпуста өрт болған кезде бақылаушы:

1) дабыл белгісін береді;

2) қолда бар өрт сөндіргіш құралдармен өртті өшіру шараларын қолданады.

Камерада өрт тұтанған кезде бақылаушы дабыл белгісін бергеннен кейін есіктің желдеткішін ашады және камераға өрт сөндіргіш құралдарды береді және көмектің келуін күтеді.

198. Өзін-өзі өлтіру немесе өзін-өзі өлтіруге оқталу кезінде бақылаушы дабыл белгісін береді. Егер бұл жалпы камерада болса, онда ол есіктегі желдеткіш арқылы камерадағы адамдардың өзін-өзі өлтіруге жол бермеуін және зардап шегушіге көмек көрсетуін талап етеді.

199. Камера алдындағы бекеттің бақылаушысына режимдік корпуста немесе дәлізге кіретін есіктердің кілтін ұстауға, сондай-ақ жалғыз өзі камераларды ашуға және оған кіруге үзілді-кесілді тыйым салынады.

